Сөздік жұмыс:Өмір сүріпті – жыли-были, ешкі – коза, лақтар – козлята, үй – избушка,

домик, шеше – мать, бабушка, сүт – молоко, қасқыр – волк.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, үсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреті.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ тапсыру: «сегіз тұяғы бар, иегінде сақалы бар» (ешкі)	
Іздену-ұйымдастырушы	Балалар «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін естідіңдер ме? Бірінші кейіпкерді атап шығайық: ешкі, лақ, қасқыр. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай? Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларындағы түйінін айтқызу. Балалардың түсінгендеріне, жақсы қатысқандарына қарай, кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру.	Балалар ертегі кейіпкерлерін аиайды. Ешкі – ақылды, жауапты. Лақтар – анасын тыңдайды, тіл алғыш. Қасқыр – жаман, жыртқыш, лақтарды жегісі келеді. *Шөре – шөре лағым.* *Тентек болма шырағым,* *Секектеме, деміңді ал.* *Селтеңдемей құлағың.*
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Лақтары кіммен қалады?	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратад

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 3-ші технологиялық картасы

29.05.2022ж

Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді!

Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу.
Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту. **Сөздік жұмыс:**ешкімге ашпаңдар, темір ұста, ешкі, лақтар, алдады.
Қостілдік компонент: Дыбыс – голос,темір ұста– кузнец, ор – яма, қарын – брюхо, жиналды – собралась,ешкімге аштаңдар – никому не отпирайте.
Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, сұрақ – жауап.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасырады: *Жарға шығып ойнайды,* *Ойыныңа бір тоймайды.* *Болса - дағы саналы,* *Секеңдеуді қоймайды.* - Жақсы, дұрыс шештіңдер. *Ақ, ақ секеңдейді лақ.*	Жұмбақтың шешімін табады. - Ешкі.
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға ешкі, лақтар және қаскыр ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару: жеті лақ (Балаларды) олардың қуаныштарын бөлісуі. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. 3. Балаларға сөздерін ашық, анық бар эмоциямен айтқызу. III Сергіту сәті	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорыту. Балаларды мадақтау, бағалау.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 4-ші технологиялық картасы

05.04.2022 ж

Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сахналау.

Мақсаты: Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін, әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету**Сөздік жұмыс:** Есік қағу – постучать в дверь, жорту – рыскать, тыңдау – слушать, ән айту - петь, алдау – обхитрить, күтті - дождался

Әдіс-тәсілдер: Атрибуттармен қызықтыру, түсіндіру, өткенді қайталау.

Көрнекіліктер: ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ертегі атрибуттарымен таныстырады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Ал мынау ше? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегі де ойнады?	Балалар қызықтап тамашалайды. - Ешкі. - Лақтар. - Қасқыр - «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде.
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға жеті лақ және қасқыр ертегісін естеріне түсіру таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару. - Бұл ертегіде:Үй жануарларына жатады. Етімен, сүтімен бізге пайдалы. Ешкі мейірімді анасы боласың, ал лақтар – ақылды, тіл алғыш боласыңдар. - Ал қасқыр – жаман, айлакер, жыртқыш болады. Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады. Балаларды ширма жанына шығарып, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермендер ретінде тамашалауға отыргызу. Балалар сөздерді ашық, анық бар эмоциясымен сахналатқызу.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар тақтаға шығады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерді қайталайды.Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлерді қарсы алады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегіні сақтау. Қуанышты екенін айтып ескерту. Балаларды мадақтау, бағалау.	

Күтілетін нәтиже:Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.**Түсінеді:**Ұжымдық жұмыстың дағдылары.**Қолданады:** Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

8 - бөлім

«АЛТЫН АЙДАРЛЫ ӘТЕШ» ертегісі

12.04.2022жс

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 1-ші технологиялық картасы

Тақырыбы: «Алтын айдарлы этеш» ертегісі».
Максаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру.
Міндеттері: а) Ертегінің не жайында баяндалғанын, қалай аяқталғанын, көмекші сұрақтарға сүйеніп, ауызша талдап, мәнісін түсіндіріп баяндауға үйрету.
Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелетуге үйрету, мәнерлі сөйлеу дағдыларын үйрету. Шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аударту. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.
ә) Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға баулу.
б) Көңіл күйлерін терең түсінуге, сұлулықты тануға, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Шопан ата қуыршағы.
Сөздік жұмыс. Айдарлы, оттық (қорадағы), сұлу, жетіген.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қопаққа Шопан ата келді, Шопан ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. - Балалар, сендер ертегіні көп білесіңдер ме? - Ертегіні жақсы көресіңдер ме? Жұмбақтар жасырады. - Ендеше «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін тыңдандар.	Балалар амандасады. - Әрине. - Иә. Ертегі кейіпкерінің табады.
Іздену-ұйымдастырушы	1. Кейіпкерлермен таныстыру. 2. Ертегіні айта бастау. Фланелеграфқа кейіпкер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Ертеде бір алтын айдарлы әтеш пен мысық дос болыпты, екеуі бір үйде тұрыпты. Әтешті, мысығы жоқта екі – үш рет түлкі алдап, алып кетеді. Тек мысық, үш рет барып, түлкіден қорғап, әтешін алып қайтады. 2) Д/о. Кейіпкердің көңіл-күйлерін салу (мимикалық).	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер колдарын шапалақтап, кейіпкер

	Мысалы: Әтеш, түлкіге алданып қалды. Түлкі – ку, айлакер Мысық – пысық, ожет, қамқоршы. III. Сергіту сәті. Әтеш әнге басады Әтеш үйқы ашады.	атрибуттарын қарсы алу. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Балалар ертегі ұнады ма? - Қызықты ма? - Кәне балалар, алтын айдарлы әтешті қорғап қалған мысыққа көшеметтеп, қол соғып қояйық.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 2-ші технологиялық картасы

19.04.2022ж

Тақырыбы: «Жібек шашақты сақалы бар, майға батырып алған тәрізді басы бар».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлеін таңдау, рөлдерді бөлу. Балаларға сөзлері мен қимыл қозғалыстарын үйрету. Көркем сөздер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, байланыстыра сойлсу қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, еске түсіру, ойлау т.б. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Байқағыштыққа, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке, дос болуғатәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Әтеш, мысық, түлкі,

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Жұмбақ жасыру: - *Ерте тұрады* *Жыр шақырыды.* - *От басында құмған,* *Екі көзін жұмған*	Балалармен - Әтеш. - Мысық.
Іздену-ұйымдастырушы	- Балалар, алтын айдарлы әтеш ертегісі естеріңде ме? Суреттерді көрсете отырады. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінездері қандай? Әтеш – аңқау. Мысық – ақылды, қамқор болады. Түлкі – қу, айлакер. - Ертегі соңында кім жеңеді? - Мысық па, әлде түлкі ме? - Әтешке кім көмектеседі? 2) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ой түйінін айтқызу. 3) Балалардың қабілеттеріне карай кейіпкерлерді таңдап, рөлдерді беру.	Балалар ертегі мазмұнын естеріне түсіреді. Кейіпкерлерді атайды: - Әтеш, - мысық, - түлкі. - Мысық. Қандай мінез-құлықта болатынын айтады. Ертегіден көрініс үзіндісін сахналайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендеріп тиянақтау. - Бұл ертегіде ссндерге кім ұнады? - Әтеш кіммен қалды?	Балалар сұрақтарга жауап айтады.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 3-ші технологиялық картасы

26.04.2022 жс

Тақырыбы: «Сымбатты әтеш».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету.Балалардың ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту. Қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.
Ұқыптылыққа, шеберлікке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.
Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ – жауап.
Көрнекіліктер: Сурттер театры, ойыншық Әтеш, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар бүгін біздің сабағымызға қонақ келеді. - Ол не екен? - Достар, бүгін мен сендердің топтарыңа, өзімнің сымбатты досым әтеш туралы айтайын деп келдім.	Балалар қызығушылық танытады. - Тауық. Балалар тыңдап отырады.
Ізденуі-ұйымдастырушы	Балалардың естеріне алтын айдарлы әтеш ертегісін түсіру. - Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару. - Мысық қандай? - Әтеш қандай? - Түлкі қандай аң? - Қоян қандай? Түлкінің есту, иіс сезу қабілеті ерекше. Бірақ көзбен көруі - әлсіз. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Қате жерлерін түзетіп отыру.	- Мысық, түлкі, әтеш. - Мысық ақылды. - Әтеш – аңқау, ақымақтау - Түлкі – қу, айлакер. - Ең сүйікті: тышқан, көжек, балықпен қоректенеді. Кейіпкерлерді атайды. Балалар сөздерді апық, анық айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау. Балаларды мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады: Диалог бойынша орындайды.
Түсінеді:Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз жақтарын біледі.
Қолданады: Суреттер театрыарқылы қимыл-қозғалыспен көрсетеді.

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 4-ші технологиялық картасы

03.05.2022ж

Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау.

Мақсаттары:

а) Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау.

Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау.

Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.

ә) Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, көңіл-күй әсерін білдіре отырып, сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауларын қадағалау.

Ұқыптылыққа, мейірімділікке, шеберлекке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.

б) Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер:Көрсету,тамашалау,сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: Сахна, кейіпкерлер атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Сабаққа бір-бірден ертегі атрибуттары кіріп таныстырылады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегілерде ойнайды?	- Мысық. Балалар барлық кейіпкерлер атайды. - «Алтын айдарлы әтеш» ертегісінде.
Іздену-ұйымдастырушы	Балалардың есгеріне «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін түсіру. Бұл ертегіде мысалы: сен мысық – ақылды, қамқоршы боласын, әтеш – ақылсыз сенгіш боласың, ал түлкі сен – ку, жаман боласың дейміз. Қалған балаларды көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балаларға сөздерді анық, ашық айтқызып, бар эмоциясымен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу.	Таңдалған кейіпкерлер - мысық, әтеш, және түлкіні тақтаға шығады. Балаларды ширма жанына шығады, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегі сабағын аяқтау. - Ертегі қалай аяқталды? Балаларды мадақтау, бағалау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

9 - бөлім

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 1–ші, 2–ші технологиялық картасы

10.05 - 17.05.2022ж

Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат.

Мақсаты: «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру ойлау кабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына үйрету.

Әдіс –тәсілдері: Көрсету, сұрақ – жауап,, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекілік: Ертегі кітаптарды «Жеті лақ», «Шалқан» ертегілерінің стол үстіндегі көрінісі арқылы әңгімелеп беру, ғажайып орман көрінісі-құстар, тасбақа, орман аңдары пайдаланылады.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	«Ерте, ерте, ертеде» әуені . - Балалар, сендер «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? – Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне саяхатқа барамыз». Тосын сәт: Қызыл Телпек келеді. - Ертегі тыңдағанды жақсы көресіндер ме?	Балалар жәйлап кіреді. Музыка аяқталғаннан кейін қонақтармен сәлемдеседі. - Иә. - Сәлеметсіз бе! Үнайды, жақсы көреміз.
Іздену-ұйымдастырушы	Ертегілер ертегілер әлеміне барар жолымыз ұзақ болады. Жолда бірнеше судан, үңгірлерден өтуге тура келеді. Үстел үстінде ертегі кітаптар, неше түрлі ертегілердің мазмұны бейнеленген ширмалар қойылған суреттер. - Қандай ертегілер? - Балалар, карандаршы, сендердің «Ертегілер әлеміне» келгендерінізді біліп, қоян күтіп отыр екен. - Кім бізге коян туралы тақпақ айтып берді? Балалар енді екінші ертегіге келе жатып, бір үңгірге тап болды, осы үңгірден бір бірлеп өтейік. Ал, мынау қай ертегі? - Балалар, бұл ертегіні де айтады? - Енді лақ туралы тақпақты кім айтады?	Балалар жолға шығады. Ертегі кітапханасына келеді. - Ол «Бауырсақ», «Үш аю», «Үйшік» ертегілері. Балалар кітапханадан шығып, ертегілер әлемінің бірінші «Қояның үйі» ертегісіне келеді. Балалар ертегінің кейіпкерлерін атап береді. - «Жеті дақ» Шөре- шөре лағым Тентек болма шырағым Секеңдеме, деміңді ал Селтеңдемей құлағың

	- Енді ғажайып орманға барып, құстармен танысамыз, деді. Сергіту сәті: *Қарлығаш боп ұшайық* *Торғай болып қонайық* *Сауысқан болып секіріп,* *Тоқылдақ болып шоқиық.* Судан өткен соң тағы бір ертегіге тап болады. - Балалар мынау кандай ертегі? - Балалар аю қалай жүрсді? - Ой, балалар, біз нағыз «ертегілер әлеміне» келдік. - Бәріміз отырып қол соғайық. «Ертегілер әлемі» сахналық қуыршақ театры.	Балалар келе жатып суға кездеседі. Судың көпірінен еңбектеп өтіп. - «Үш аю». Балалар Машаны, аюларды танып көрсетсді, түсіндіріп айтып береді. жапырақтары бар. - Қорбаңдап (балалар жүрісін салады)
Рефлексивті-коррекциялаушы	- Балалар, сендерге «ертегілер әлеміне » саяхат жасау ұнады ма? Онда кандай ертегілер көрдіңдер? Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді.	- «Жеті лақ», «Шалқан», «Үш аю», «Үйшік», т.б.

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дагдылары.
Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

Оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың 3–ші, 4–ші технологиялық картасы

24.05 – 31.05.2022 ж

Тақырыбы: Ертегі елі жермен келе жатыр.

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету, тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.
Әдіс –тәсілдері: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелесу, өткенді қайталау, таныстыру.
Көрнекілік: қуыршақ театры, кейіпкерлерінің атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Тәрбиеші: - Балалар, сендердің «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне поезбен саяхатқа барамыз.» - қоян, түлкі, қасқыр кездеседі. - Балалар сендер олармен қай ертегіде кездестіңдер?	Балаларды қызықтыру. -Ия - Жолда - Түлкі, қоян, қасқыр - Жеті лақ пен қасқыр, Түлкі мен қоян, Бауырсақ.
Ізденушілік-ұйымдастырушы	Ал енді балалар, кім айтады - Түлкі қандай? - Түлкі сияқты алдаушы болғыларың келе ме? - Қоян ше? - Қоян сияқты мейірімді, жамандық ойламайтын боламыз. - Ал қасқыр ше? - Қане, маған «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісіндегі жағымды өздеріңе ұнаған кейіпкерлерді атандаршы. - Ешкі сендерге неге ұнады?	- Түлкі – айлакер, қу, әнші, пысық. - Жоқ. - Қоян қоркақ, мейірімді, мақтаншақ. - Қасқыр – айбынды, жырткыш өте иіс сезгіш, ол өз көсемдеріне адал. - Ол ешкі және лақтар - Ол лақрын жақсы кореді, сүт береді, ақылын айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сабақ соңында балалардың жұмысына қорытынды жасайды. - Лақтар қандай? - Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар? - Олар кімдер? - Қасқырды неге жаман деп ойлайсыңдар? Ойын «Қасқыр мен аю».	- Лақтар жақсы, анасын тыңдайды, ақылды. - Қасқыр. - Ол лақтарды жегісі келді. - Қасқыр зұлымдық жасағысы келді.

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады: Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
Түсінеді: Балалар қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйренеді.
Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

«Айатхан»
бөбекжай балабақшасы

«АЙАТХАН»

«Бекітемін»
балабақша меңгерушісі:
А.Мамбетова

«Өсімдіктер әлемі»

Вариативтік бөлім
Ересек топ

Тәрбиеші:Ф.Мусабаева

2021-2022ж

Ай аттары	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1.«Не жоқ» (танымдық ойын). 2. «Дәнді дақылдар» әңгіме (дәнді-дақылдармен жұмыс) 3. «Бидай» әңгіме (боямакпен жұмыс). 4. «Гүлдер» туралы санамақ (мозаикамен жұмыс).	1 1 1 1
Қазан	1. «Көкөністер» әңгімелесу (картоп бастырмасымен жұмыс) 2. «Көкөністер дауы» (үстел-үсті театры). 3. «Ағаш» туралы әңгімелесу (сүбояумен сурет салу). 4.«Қызанақ» әңгімелесу (сурет қылқаламмен жұмыс.	1 1 1 1
Қараша	1. «Терек» (Альбом көру) 2. «Көкөністер дүкені» (желілі-ролдік ойын).Жарнама 3. «Күзгі жапырақтар» .Серуен. 4. «Дала гүлдері» әңгімелесу (мүсіндеу)	1 1 1 1
Желтоқсан	1. «Жидектер» әңгімелесу (мүсіндеу) 2. «Гүлдер» туралы суреттер (жапсыру) 3. «Шырпаны безендірейік» (жапсыру) 4. «Алма» әңгімелесу (саусақпен сурет салу)	1 1 1 1
Қаңтар	1. «Қыскы ағаштар» (боямакпен жұмыс) 2. «Бөлме гүлдері» әңгімелесу (сцбек гүлге су құю.гүлдің жапырактарын сүрту) 3. «Гүлдер дүкені» (дидактикалық ойын) 4. «Дәрумендер» әңгімелесу (жапсыру) (Аузымызға не түсті.тісімізге не тиді?)ойын	1 1 1 1
Ақпан	1. «Жемістер» туралы әңгімелесу (боямакпен жұмыс) 2. «Ағаштар неге ашуланды?» әңгіме 3. «Ағаштар ұйыктай ма» (жылжымалы панка театры) 4. «Түймедақ» туралы әңгімелесу (жапсыру)	1 1 1 1
Наурыз	1.«Көктемгі гүлдер» әңгімелесу (трафарет) 2. «Саңырауқұлак» туралы әңгімелесу (боямакпен жұмыс) 3. «Гүлдер» (кайшымен жұмыс альбом жасау). 4. «Ак бидай» ертегісі.	1 1 1 1
Сәуір	1. «Дала гүлдері» туралы . 2.«Арпаны сеуіп үйренеміз» (тәжірибе жасау).	1 1

	3.«Ағаштар жайлы » (суреттер көру). 4. «Алма» ертегісін әңгімелеу.	 1 1
Мамыр	1. «Гүлдер» (суретпен әңгіме). 2. «Қызанақ» әңгімелесу (мүсіндеу). 3. Дидактикалық ойын «Жасыл кияр» (боямакпен жұмыс). 4. «Заты мен аты» Өлең шумақтары	1 1 1 1
Барлығы		36

Вариативтік компонент

03. 09. 2021ж.

Қыркүйек айы Тақырыбы: *«Не жоқ?»(танымдық ойын)Балаларға дәнді-дақылдарды таныстыруға арналған танымдық ойын.*

Мақсаты*:Балаларға дәнді дақылдармен таныстыру.Ойын арқылы зейінін,есте сақтау қабілетін дамыту. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.Бірлесе ойнауға баулу.Баланың қол моторикасын дамыту.*

Көрнекілігі: *суреттер,дәнді-дақылдар.*

Әдіс-тәсілі: *түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын.*

Билингвалдық компонент: *дән-зерно.*

Сабақ барысы:*Балалар дәнді-дақылдарды білесіңдер ме?-Иә білеміз.Балалар үстел-үстіндегі дәнді-дақылдарға қарайықшы қандай дәнді-дақылдар?*

-Дәнді-дақылдарды атаңдаршы?-Бидай,арпа, сұлы,маш,күріш,тары.-Дұрыс айтасыңдар балалар.Біз осы маш,күрішті күнделікті тағамға пайдаланамыз.

-Дәнді-дақылдар неден шығады?-Дәннен.-Дән нені қажет етеді?-Суды,күн шуағын керек етеді.Балалар біз осы дәнді-дақылдарды жақсылап қарап еңбек етсек ,бізге көп өнім сыйлайды Балалар «Не жоқ?» ойынын ойнағыларың келе ме?
Балалар ия.
-Ал олай болса балалар мына сендердің алдарыңда ыдыста салынып тұрған дәндер араласып кетіпті,біз осы дәнді-дақылдарды әрқайсын жеке-жеке ажыратып, топтастырамыз балалар.
Балалар бүгінгі ойын сендерге ұнады ма?Балалар ия.
-Жарайсыңдар балалар бүгін сендер тапсырманы дұрыс орындадыңдар.

Қорытынды:*Балалар дәнді дақылдарды ажырата біледі.Оларға су,күннің шуағы жылу керек екенін түсінеді.Балаларға сұрақ-жауап,мақтап,мадақтау.Балалардың жұмысын бағалау.*

Вариативтік компонент Қыркүйек айы 10.09.2021жс

Тақырыбы: *«Дәнді дақылдар» әңгіме (дәнді-дақылдармен жұмыс).*

Мақсаты: *Балаларды дәнді дақылдар мен таныстыру.Дәнді-дақылдардың пайдасы туралы әңгімелесу.Күнделікті тұрмыста қолданылатынын балаларға түсіндіру.Боямақтармен жұмыс жасауды үйрету.Түстерін ажыратуды үйрету.*

Көрнекілігі: *дәнді дақылдар туралы суреттер,кітаптар,дәнді-дақылдар,желім,ақ парақ* ***Әдіс-тәсілі:***
әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап ,ойын

Билингвалдық компонент: *жүгері- күкуруз*

Сабақ барысы: *Балалар сендер дәнді –дақылдарды білесіңдер ме?-Иә біледі .-Қандай дәнді-дақылдарды білесіңдер.Арпа,бидай,сұлы,маш,ноқат,жүгері.т.б.-Дәнді –дақылдар қайда өседі?-Үлкен алқапта.-Адамдардың көмегінсіз өсе ме?-Жоқ.-Оларды дәннен егеді,арам шөптерден тазартады,суғарады,және күтіп баптайды.*

-Балалар дәнді-дақылдардың түстерін атайықшы?-Машының түсі қандай болады?
Балалар жасыл.
Бұл машы біз неге пайдаланамыз?
Күнделікті асымызға пайдаланамыз.
Арпаның түсі қандай?
Сары
Бидайдың түсі қандай?
Қоңыр
Ноқаттың түсі қандай?
Сары болады.Бұл ноқатта көптеген витаминдер бар.Біз бұл ноқатты асымызға пайдаланамыз.
Жүгерінің түсі қандай?
Сары болады
Жүгеріден не жасауға болады?
Көже жасауға болады.Осы дәнді-дақылдардың көптеген пайдасы бар екен.Балалар бүгін біз дәнді-дақылдармен жұмыс жасайтын боламыз. Ақ парақта бейнеленген жүгерінің үстіне желімді жағып,жүгеріні үстіне әдемілеп орналастырып, жабыстырамыз.Балалар қараңдаршы жүгерінің түсі сары,жапырағы жасыл болады.Барлығымыз тақтадағы үлгіге қарап,тапсырманы ұқыпты және таза жасауды үйренеміз. Балалар іке сәт. ***Қорытынды:*** *Дәннің адамға пайдалы екенін түсінді.Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.Балалардың жұмыстарын бағалау.*

Вариативтік компонент Қыркүйек айы 17.09.2021ж

Тақырыбы: *«Бидай» әңгіме (боямақпен жұмыс)* ***Мақсаты:*** *Балаларды ауыл адамдарының еңбегімен таныстыру.Нанның ас атасы және оны өсіру өте қиын жұмыс екенін айтып түсіндіру,диқаншылардың еңбегімен таныстыру,балаларды үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Балаларды бидаймен таныстыру.Бізге берер, пайдасын түсіндіру.Балаларға ақ параққа салынған бидайдың суретін мұқият ұқыпты етіп боюға үйрету*

Көрнекілігі: *суреттер,бидай алқабы туралы.Түрлі-түсті боямақтар,қылқаламлеңдер жаттау.*
Әдіс-тәсілі: *түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын.*

Билингвалдық компонент:*бидай-пшеница.*

Сабақ барысы:*Ә Ә.Дүйсеков «Дән» өлеңін оқу,жаттау.*
Жарып шыққан қауыздан
Дән өмірлік азығың
Жегеніңде ақ нанды
Нәрге толар ауызың
Балалар өлең жолдарын қайталап ,жаттайды.
Балалар өлең не туралы және кім жайлы айтылған?
Балалар диқаншылар мен бидай туралы.Дұрыс айтасыңдар балалар.
Балалар тақтадағы суретке қарайықшы ненің суреттері бар екен?-Балалар бибайдың суреті.
Балалар сендер бидайды білесіңдер ме?-Балалар ия.-Бидайды кім өсіреді?Бидайды егін даласында диқан өсіреді.
-Дәннен егеміз,комбайынмен орамыз,қамбаға тасиды.Балалар бидай өте кішкентай дән екен. Бидайдың түсі қандай?
Балалар қоңыр деп жауап береді.-Одан біз не жасаймыз?-Диірменге апарып ұн жасаймыз.-Ұннан не жасаймыз?-Наубайханаға апарып түрлі тәтті нандар пісіріп дүкендерге апарамыз.-Оны кімдер жасайды?-Біздің үлкен әпке,аналарымыз.-Нан болмаса біз өмір сүре аламыз ба?-жоқ.-Балалар енді алдарыңда тұрған ақ параққа салынған бидайдың суретін сызықтан шығармай,мұқият етіп бояймыз.Балалар тапсырманы ұқыпты орындайды.

Қорытынды:*Балалар бидаймен таныстық.оның бізге берер пайдасын түсінді.Бидайды қадірлеуіміз керек.Үлкендердің еңбегін құрметтеуіміз керек екенін түсінді.Сабаққа белсене қатысқан балаларды бағалау,мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент

24.09.2021ж

Қыркүйек айы Тақырыбы: *«Гүлдер»туралы санамақ.(Мозайкамен жұмыс).**Мақсаты**:Балаларды гүлдер туралы санамақтармен таныстыру.Гүлдердің түрлерімен таныстыру.Санамақты түсініп,есте сақтауға үйрету.Мозайкамен жұмыс жасауды үйрету.Саусақ қимылдарын дамыту.**Көрнекілігі**: гүлдер туралы суреттер,бейнетаспа,мозайка.*

Әдіс-тәсілі: *гүл туралы санамақтар жаттау,түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын*

Билингвалдық компонент:*гүл-цветок,қызыл-красный.**Сабақ барысы:**-Балалар сендер гүлдерді білесіңдер ме?-Ия білеміз.*

Сендерге гүлдер ұнай ма?

Әрине ұнайды.

Гүлдердің қандай түстерін білесіңдер?

Сары,қызыл,күлгін,ақ т.б

Гүлдердің хош иістері ұнай ма?

Ұнайды.

Бейнетаспа көреміз.Балалар суретке қарайықшы?Мынау қандай гүл?

Қызғалдақ,түймедақ,сарыгүл,бәйшешек.

Қызғалдақтың түсі қандай?

Балалар қызыл.

Мынау қандай гүл?

Түймедақ .

Түймедақтың түсі қандай ?

Балалар ақ.

Күлтесі қандай?

Кіші,жапырағы жіңішке ұзындау болады.

Гүлдердің өзіндік әдемі хош иісті,жұпар иістері бар.-Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз?-Су құямыз,арам шөптерден тазартамыз,күннің жылуы керек.–Гүлдер қайда өседі?-Аулада,көшеде,тауларда өседі.Дұрыс айтасыңдар балалар.-Гүл бізге не үшін керек?-Біз оны анамызға,апа әпкелерімізге сыйлаймыз.-Сендер гүлдер туралы санамақ білесіңдер ме?-Ия.

Қабланбек*. Бір дегенім- бақбақ,*

Үлпілдегі жақсы-ақ.

Жол шетінде тұрса,

Кетпеңіздер таптап.

Саян.*Он дегенім-ойнақгүл,*

Ойнақгүл қырда жайнап тұр.

Оймақгүлдің үстінде,

Көбелек қонып,ойнап тұр.

Аяла.*Саусағыңды бүгін,*

Алғын атын білін

Мәңгі есіңе сақта

Қасиетін ұғып

Ақбота.*Санамақты жатта,*

Баргын жиі бақға

Өсімдікті танып

Біліміңді балта

Айханым: *Екі дегенім-ерінгүл,*

Гүл күтудің ебін біл.

Гүлдейді көктемде

Күн нұрын жерге төккенде

-Жарайсыңдар,балалар сендер гүлдер туралы санамақтарды біледі екенсіңдер.

Балалар бүгін біз сендермен мозайкамен жұмыс жасайтын боламыз.Балалар мен сендерге мозайканы беремін ,сендер бүгін мозайкамен гүлді құрастырасыңдар.Сендер менің жасаған гүліме қарап,жұмысымызды бастаймыз.Гүлдің күлтесі қызыл,сабағы.жапырағы жасыл болады.Іске сәт балалар.

Қорытынды*:Балалар гүлдер туралы санамақты жатқа айта біледі.Гүлдерді атай білді.Гүлдердің әдемі қош иістері туралы түсінді.Балалардың жұмыстарын бағалау.*

Вариативтік компонент Қазан айы 01.10-2021ж

Тақырыбы: *«Көкөністер» туралы әңгімелесу (картоп бастырмасымен жұмыс).*

Мақсаты: *Балаларды көкөністермен таныстыруды жалғастыру.Сөздік қорын байту,қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету.Картоп бастырмасымен жұмыс жасауды үйрету.Дөңгелек ,сопақша заттар суретін салу біліктерін арттыру.Ұсақ қол қимылдарын дамыту.*

Көрнекілігі: *көкөністер, суреттер,муляждар,картоп.*

Әдіс-тәсілі: *түсіндіру,сұрақ-жауап,жұмыс жасау іскерлігін дамыту.*

Билингвалдық компонент: *сәбіз-морковь,пияз-лук,қызанақ-помидор.*

Сабақ барысы: *-Балалар қараңдаршы көкөністердің муляждары бар.*
Бұл жерде қандай көкөністер бар?
Сәбіз,картоп,пияз,қызанақ,қияр,асқабақ,орамжапырақ.
Сәбіздің түсі қандай?
Қызылсары,сары.
Сәбіздің дәмі қандай?
Балалар тәтті.
Пияздың түсі қандай?
Сары.
Дәмі қандай?
Ащы.
Қызанақтың түсі қандай?
Қызыл.
Дәмі қандай?
Тәтті.
Асқабақтың түсі қандай?
Сары,қызыл.
Дәмі қандай?
Тәтті.
Осы көкөністер күтіп-баптаумен өседі,үлкейеді . Балалар сендер көптеген көкөністерді біледі екенсіңдер.
-Балалар көкөністер қайда өседі?-Бау-бақшада жерде өседі.Балалар көкөністердің бізге пайдасы бар ма?-Ия о ны азық- тамақ ретінде пайдаланамыз, пайдасы мол дәруменндерге бай.
Бүгін сендермен картоп бастырмасымен жұмыс жасаймыз.Сендердің алдарында үстелде суйоямақ бар кесілген картопты суйоямаққа батырып,ақ парақ бетіне бастырамыз.Көрдіңдер ме балалар қандай көкөністің бейнесі пайда болды?Картоптың.Дұрыс айтасыңдар балалар.Ал енді бастайық

жұмысымызды ұқыпты орындайтын боламыз.Қауіпсіздік ережесін сақтайтын боламыз.Балалар іске сәт.

***Қорытынды**: Балалар көкөністерді атай білді.Көкөністердің түстерін,дәмдерін айта білді.Картоп бастырмасымен жұмыс жасай алатынын түсінді.*

Вариативтік компонент.Қазан айы. 08.10.2021ж

Тақырыбы: *«Көкөністер дауы». (Үстел-үсті саусақ театры)*

Мақсаты: *Көкөністер туралы білімдерін кеңейту.Күзде пісетін көкөністерді атау,оларды өсіруге және күтім жасауға үйрету.Ертегіні сахналау арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Балалардың тілін дамыту,сөздік қорын байыту.*

Көрнекілігі: *суреттер,муляждар,көкөністер,ертегі кітаптар,ертегі кейіпкерлері саусақ театры*

Әдіс-тәсілі: *әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын,ертегіні сахналау.*

Билингвалдық компонент: *қияр-огурец,помидор-қызанақ ,огурец зеленый-қияр жасыл,помидор красный-қызанақ қызыл.*

Сабақ барысы:

-Балалар сендер көкөністерді білесіңдер ме?
Ия білеміз.
–Қандай көкөністерді білесіңдер?
-қияр,қызанақ,қауын,қарбыз,қызылша т.б.
–Жарайсыңдар балалар. –Көкөністерді қай мезгілде егеміз?
-Көктем мезгілінде.
–Көкөністер қай мезгілде піседі?
-Күз мезгілінде .
–Дұрыс айтасыңдар.
–Көкөністер туралы тақпақ білесіңдер ме?
-ия білеміз.
Балалар сендер ертегі тыңдағыларың келеме?
Балалар ия. «Көкөністер дауы» ертегісін үстел-үсті театры арқылы сахналап беремін.Ертегіні мұқият тыңдап отырамыз. Сәуленің әжесінің бақшасында әртүрлі көкөністер: қияр,қызанақ,қырыққабат өсіпті.Бір күні ертеңгісін ең үлкен қияр мақтанып- Мен сондай әдемімін,жасылмын,мықты және қытырлауықпын!- депті.
– Балалар,қияр шынымен «әдемі,жасыл,мықты әрі қытырлауық па» байқап көрейікші. Балаларға қиярдың дәмін татуды ұсынады,алдын ала барлық көкөністерді тәрелкеге салып коюға болады.
Бұл сөзге қызыл қызанақ басын көтеріп былай депті: - Мен сондай тәттімін,қызылмын және дөңгелекпін ! Сендердің орталарыңдағы ең әдемісі менмін ! Сол кезде шыдай алмаған орамжапырақ: - Жоқ! Сендердің араларыңдағы ең аппақ,ең қытырлауық ,ең пайдалысы –менмін! Мен керемет сұлумын!

Көкөністер көпке дейін дауласыпты,бір кезде қиярды көрген Әсет:- Қандай әдемі,дәмді шығар! деп қиярды үзіп алып,әжесіне көрсетуге үйіне жүгіріп кетті. Балалар қиярдың бөртпелерін ұстап көреді.Әсеттен кейін қарындасы Алтынай келіп: - Ой, қандай әдемі қызыл қызанақ!-деп таңқалды.Қызанақты үзе салып,ағасының соңынан кетті.Бақшаға шеші келіп,орамжапырақты көріп: Ой менің аппағым! -деп салат жасауға үзіп алды.Барлық көкөністер дауласқанын қойып,тым-тырыс болды.Олар адамдарға ұнағанына қуанып,тіпті тез өсе бастады.Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Балалар сендерге қандай көкөністер ұнады?.Кім айтады. Саян «маған қызанақ ұнады».Раяна «маған орамжапырақ ұнады».Дұрыс айтасыңдар балалар .Бұл көкөністерде көптеген дәрумендер бар.Біз көбірек жеуіміз керек. Сонда біздің денсаулығымыз мықты болады.

***Қорытынды**:Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Қазан айы 15.10.2021ж

Тақырыбы:*«Ағаш» туралы әңгімелесу (субояумен сурет салу)*

.***Мақсаты***: *Балаларды өсімдіктер әлемімен таныстыру.Ағаштар және оның құрылысы туралы түсінік беру: топтан заттарды бөліп алу,оларды топтарға біріктіру іскерліктерін бекіту, сөйлеуде баланың «бір», «көп» деген сөздерді орынды қолдануға үйрету.Балаларды табиғатпен таныстыру арқылы көркекі-әсерлі және көркекі-бейнелі ойлаудың қарапайым түрлерін дамыту.Сурет салуға деген қызығушылығын қалыптастыру.*

Көрнекілігі: *ағаштардың суреті. Субоямақ,қылқалам,шүберек,ақ парақ*

.***Әдіс-тәсілі***: *түсіндіру,серуен кезінде ағаштарды бақылау,сұрақ-жауап.*

Билингвалдық компонент: *ағаш-дерево, көп-много,біреу-один.*

Сабақбарысы:*«Ағаш» туралы әңгімелесу.*

– Балаларға түрлі ағаштардың суретін көрсетіп.серуен кезінде көрген ағаштарын естеріне түсіріп,әңгімелеседі.Ағаштар ауаны тазартып тұрады және жазда күннен, ыстықтан қорғап, көлеңке болады.Оларды қорғау керек. –Ағаш бұқ өсімдік.

Балалар ағаштың бөліктерін атайықшы?.

Балалар – ағаштың жапырағы,бұтақтары және діңі бар.

Балалар ағаштың тамыры жердің астында,терең де жатады,сондықтан бізге көрінбейді. Ағаштар тірі: олар дем алады,қоректенеді,өсіп-өнеді.Күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары сарғайып,түсіп қалады

.***Ойын «Біреу-көп» түсінігін бекіту.***

Ойынның шарты: Балалардың назарын екі құмырға аударады.Бірінші құмырға сары және жасыл түсті жапырақтар жиналған,ал екінші құмыра бос тұр

.Педагог қолына жапырақ алып:

-Мен қанша жапырақ алдым?

Балалар біреу.

–Ал құмырада қанша жапырақ қалды?

Балалар көп.

Мен қазір бір-бірлеп жапырақты қолыма алып жинаймын,құмырадағы жапырақ шоғы біртіндеп азая береді, соңында құмырада бір де бір жапырақ қалмайды,-деп,сөзін қимылмен көрсетіп шығады.

– Аянаның жапырағының түсі қандай?

Балалар жасыл.

– Мерейдің жапырағының түсі қандай?

Балалар сары.Олардың әрқайсысында неше жапырақтан бар?.

Балалар көп деп жауап береді.

Құмырада көп жапырақ болу үшін не істеу керек?.

– Дұрыс айтасыңдар,құмырада көп жапырақ болу үшін барлығымыз бір жапырақтан салуымыз керек.Балалар екі құмыраны жапырақпен толтырады. Балаларға сурет салуды ұсынады.Сурет салудың ретін көрсетеді.Балалар тақтадағы үлгіге қарап ,тапсырманы орындайды.Сендердің алдарыңда ақ парақ,қылқалам,акварель су боямақ,шұғыл ыдысқа құйылған су,шүберек.Балалар қылқаламды алып, қоңыр түсті боямаққа батырады ақ параққа ағаштың бейнесін сызып шығады,қыламды суға батырып,жасыл түсті боямаққа батырып ,ағаштардың шыбықтарына жапырақтарын бейнелеп сызып шығады.

***Қорытынды**: Балалардың жұмысын бағалау.Сабаққа белсене қатысқаны балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент

Қазан айы 22.10.2021ж

Тақырыбы:«Қызанақ» туралы әңгімелесу (сурет салу,қылқаламмен жұмыс).

Мақсаты: Балаларды көкөністермен таныстыруды жалғастыру.Қызанақпен таныстыру,сөздік қорын кеңейту.Қағазға салынған дайын бейнені қылқаламмен бояу іскерлігін дамыту.

Көрнекілігі: қызанақтың суреті боямақтар,қызанақтар,көкөкніс муляждары

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,боямақтармен сурет салуды үйрету.

Билингвалдық компонент: қызанақ-помидор,қызыл-красный.

Сабақбарысы: Балалар үстел-үстіндегі қызанақтарды бақылайды.
Балалар қараңдаршы менің үстелімде көптеген көкөністердің муляждары бар.

Көкөністерді атайықшы?.
Балалар: қызанақ,қияр,картоп,сәбіз,пияз,сарымсақ..Дұрыс айтасыңдар балалар,сендер көкөністерді атай білдіңдер.
Бүгін қызанақпен танысамыз.
Балалармен дәмді қызанақ өсіру үшін көп еңбек ету керек екенін әңгімелесу.
Бақшада жерге дән сеуіп,оны сугарып,топырағын қопсытып,баптайды.
Ол өскенде дәмді қызанақтарды береді.Қызанақтың өсуіне күн де ,жаңбыр да көмектеседі.
Балалар қызанақтың түсі қандай?.
Балалар қызыл.
Пішіні қандай ?
Балалар дөңгелек.
Дәмі қандай болады?
Балалар тәтті болады деп жауап береді.
Қызанақтан не жасауға болады?.Балалар: сок,томат,салат жасауға болады.Дұрыс айтасыңдар балалар. Қызанақта көптеген дәрумендер бар,ол балалардың ауырмай өсуіне көмектеседі.

«Жылы соз айту» сөздік ойын.
Ойынның шарты: Балалар айтылған әрбір көкөністің атын айтудың алдына оның түр- түсін немесе дәмін білдіретін сөзді қоса айту керек.
Қызанақ-қызыл қызанақ.
Қияр-жасыл қияр.
Картоп-қоңыр картоп.
Бұрыш- тәтті бұрыш.
Жуа-ашшы жуа.
Сәбіз-қызылсары сәбіз.Ойын осылай жалғасып ойналады.

Балалар сендердің алдарында ақ парақта бейнеленген қызанақтың суретін қызыл түсті боямаққа қылқаламды батырып бояйтын боламыз.Тақтадағы үлгіге қарап тапсырманы орындаймыз.

***Қорытынды**:Көкөністер денсаулыққа өте пайдалы екенін білді.Түсін ажырата айта білді.Қызығушылықпен жұмыс жүргізді.Балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Қараша айы

29.10.2021ж

Тақырыбы: *«Терек».(Альбом көру)*

Мақсаты*:Өсімдіктер әлемімен таныстыру.Өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін кеңейту; өсімдіктерді күтіп-баптауға үйрету.Табиғаттың әсемдігін тамашалай білуге үйрету.Өсімдіктер туралы альбомдар көрсету.*

Көрнекілігі*: суреттер,альбомдар.*

Әдіс-тәсілі: *балаларға ағаштар туралы альбомдар көрсету,түсіндіру,сұрақ-жауап.*

Билингвалдық компонент*: терек-тополь ,діңі-ствол ,ёлка-шырша*

Сабақ барысы*:Терезеден нені көрдік?*
Балаларға терезеге қарауды ұсынып,әңгімелеседі.Балалар қараңдаршы біздің балабақшамызда көптеген ағаштар бар.
Қандай ағаш түрлері бар?
Балалар : емен,терек,қарағай,шырша,жеміс ағаштары бар.Дұрыс айтасыңдар балалар.Бүгін біз осы ағаштардың ішіндегі терек ағашымен танысатын боламыз.

Барлығымыз мына альбомға қарайықшы.
Кенің суретін көріп отырмыз?
Терек ағаштың.
Терек ағашы қандай?.
Балалар биік.
Бұл ағаштың өзгешелегіне қарайықшы не байқап тұрмыз?
Балалар бұл терек ағаштың шыбықтары тікесінен ұзындау,биіктігі өте үлкен.

Жарайсыңдар балалар.Терек үлкен болып өседі.
Теректің діңі қандай болады?
Балалар жуан.
Теректің түсі қандай?.
Балалар ақ.
Діңі бүдірлі ме әлде тегіс пе?.
Балалар тегіс деп жауап береді.
Ағашта не көп?Жапырақтар көп.Жапырақтардың түстері қандай болады?.
Балалар жасыл,қызыл,сары.Өсімдіктерге жарық керек,күн сәулесі түспейтін жерде олар өліп қалады.Өсімдіктерді үнемі сугару қажет және суды жақсы сіңіріп, тыныс алу үшін топырағын қопсытып отыру қажет

***Қорытынды**: Ағаш үлкен және ол адамдарға өте пайдалы өсімдік туралы түсінді.Ағаштарға қамқорлық жасауды білді.Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент

Қараша айы 05. 11. 2021ж

Тақырыбы: *«Көкөністер дүкені»(желілі-рөлдік ойын).Жарнама*

Мақсаты: *Көкөністермен таныстыруды жалғастыру,қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету.Балалардың есте сақтауын,зейінін және «әртістік» қабілетін дамыту.Өз құрбыларын сыйлауға және бірлесіп ойнауға қызығушылығын тудыру.Көкөністер мен жемістерді сипап сезу арқылы және хош исті ажырата білуге үйрету.*

Көрнекілігі: *көкөністердің суреті,муляждар.*

Әдіс-тәсілі: *әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауаптар.*

Билингвалдық компонент: *қауын-дыня,алма-яблоко,жүзім-виноград,қарбыз-арбуз,*

Сабақбарысы: *Көкөністер туралы әңгімелесу.Балаларға төмендегі сұрақтарға толық жауап беруге шақырады.* *Үстелде көкөністермен жемістердің қанша түрі жатыр?*
Балалар көп.
Көкөністер қайда өседі?Балалар жерде бау-бақшада өседі.
Жемістер қайда өседі?Жеміс ағаштарында өседі.
Үстел -үстіндегі көкөністермен жемістердің муляждарын ажыратып топтастырайық.Мен Ақбота мен Кабланбекті ортаға шақырамын.
Ақбота сен көкөністерді жинап топтастырады.Қабланбек жемістерді жинап топтастырады.Ал балалар Ақбота мен Қабланбек жемістермен көкөністерді дұрыс ажырата білді ме?
Балалар ия.Жарайсыңдар балалар.Балалар мынау не?.
Балалар :қияр,сәбіз,картоп,қызанақ,бұрыш.
Мынау не?.
Балалар қияр.
Қиярдың түсі қандай?
Балалар жасыл.
Мынау не ?
Балалар сәбіз.
Сәбіздің түсі қандай?
Қызылсары.
Мынау не?
Балалар картоп.
Картоптың түсі қандай?
Балалар қара.
Балалар мынау не?.

Қауын,қарбыз,алма,жүзім.Балалар өзіне тән хош иістері бар.
Қауынның түсі қандай?.
Балалар сары.
Қауынның хош иісі
Аңқиды бау-бақтағы,
Өзін-өзі,
Мұнысы,
Жарнамалап жатқаны.
«Мен-тәттімін» ,-дегені,
Сездіргені жан сырын,
«Менің елдің жегені

Дәмімді алмақ бал шырын»

Алманың түсі қандай?
Балалар қызыл.
Алманың хош иісі
Бұрқырап тұр бақтағы,
Өзін –өзі,
Мұнысы,
Жарнамалап жатқаны.

«Мен тәттімін»,-дегені,
Білдіргені жан сырын
«Мені елдің жегені Дәмімді алмақ бал шырын»
Мынау не?
Балалар жүзім.
Жүзімнің түсі қандай?
Балалар жасыл.
Хош иісі жоқ болса да,
«Тәттімін»деп айтпайды,
Жүзім өзін соншама
Жарнамалап жатпайды.
Мынау не?.
Балалар қарбыз.
Қарбыздың түсі қандай?.
Балалар жасыл.Қарбыздың хош иісі бар ма?
Балалар жоқ. Хош иісі жоқ болса да, «Тәттімін» деп айтпайды,

Қарбыз да өзін,
Соншама,Жарнамалап жатпайды.
«Көкөністер дүкені» желілі- рөлдік ойыны.
Ойынның шарты: Бұл ойын үшін көп атрибуттарды қолдануға болады.Балалар

үстелге көкөністерді немесе олардың муляжын қояды.Бір немесе бірнеше бала сатушы ролін таңдап алады,ал қалған балалар сатып алушылар болады.Балалар сыпайы сөздерді қолдана отырып,өздеріне керекті көкөністерді сатып алады.Сатушылар да сатып алушыларға сыпайы жауап беруі керек.Ойын 2-3рет қайталанып ойналады.

***Қорытынды**: Рөлдерін қызығы орындап,жақсы көрініс беруі.Адамдардың барлығы бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас жасау керек екенін,түрлі көкөнісердің дәмі де әртүрлі болатынын түсінді.Балаларды мақтап,мадақтау.*

***Вариативтік компонент Қараша айы** 12.11.2021жс*
***Тақырыбы**:«Күзгі жапырақтар».Серуен*

***Мақсаты**:Күз мезгілі,құдылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру.Серуен кезінде күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету.Тілдерін дамыту,байланыстырып сөйлеуге үйрету.*
***Көрнекілігі**: суреттер,серуен кезінде жапырақтарды бақылау.*

***Әдіс-тәсілі:**әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап,қорытынды.*

***Билингвалдық компонент**: күз-осень,жапырақ- листья ,сары-жёлтый,қызыл-красный, жасыл-зелёный.*

***Сабақбарысы**: Қазір жылдың қай мезгілі? Балалар күз мезгілі.*
Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?
Балалар жапырақтар сары,қызыл,қоңыр түске енеді.Жауын- шашы нкөбейіп,күн суытады.
Балалар біз серуенге шыққанда нені бақылаймыз?.
Ағаштарды,жапырақтарды бақылаймыз.
Күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары сарғайып,жерге түсе бастайды.
Біздің бақшамызда көптеген ағаштар бар.Балалар қараңдаршы әр ағаштың жапырағы әртүрлі болады.
Мысалы: теректі алатын болсақ оның жапырағы қандай болады?.
Балалар майдалау болып келеді. Дұрыс айтасыңдар балалар.
Балалар жапырақтардан не жасауға болады?.
Балалар моншақ ,гүл,сырға жасауға болады.Олай болса барлығымыз сары түсті жапырақтарды жинап,бір-бірімізге моншақ,сырға,гүл жасап ,сыйлық жасаймыз.

Барлығымыз үлгіге қарап жасайтын боламыз.
Балалар,қыздар ең алдымен сары жапырақтарды жинап,жіпке тізіп шығамыз ол үлкендеу болғаны дұрыс.
Гүлді қалай құрастырамыз.? Жапырақтардың қызыл түсін жинап алып,үлкендеуін бір-біріне жақындатып ,гүлдің күлтелерін құрастыруға болады. Барлығын осылай бірікттірсек ол неге ұқсады? Балалар гүлге.Сырғаны қалай жасауға болады.Үлкен

жапырақты алып,жоғарғы жағын қайырып қоямыз.

Бұл неге ұқсады?

Балалар сырғаға.

Сырғаны кімдер тағады?.

Қыздар.Айзере сен не жасағың келеді? Мен моншақ жасағым келеді. Олай болса барлығымыз бір-бірімізге көмектесіп.жұмысымызды бастаймыз. Іске сәт балалар.

***Қорытынды**: Күзде жапырақтар сарғаяды.Күзгі табиғаттың ерекшеліктері туралы түсінді.Балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Қараша айы 19.11.2021ж

Тақырыбы: *«Дала гүлдері» туралы әңгімелесу (мүсіндеу)*

Мақсаты: *Дала гүлдерімен таныстыру.Гүлдердің атымен таныстыру,балалардың сөздік қорын молайтып,ой-өрісін,тілін,қиялын дамыту.Мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту.*

Көрнекілігі: *дала гүлдердің суреттері,бейнетаспа*

Әдіс-тәсілі: *дала гүлдері туралы түсіндіру,сұрақ-жауап*

.Билингвалдық компонент: *гүл-цветок,қызыл-красный.*

Сабақбарысы: *Дала гүлдері туралы әңгімелесу.Бейнетаспа көру.*
Балалар тақтадағы суретке қарайықшы,қандай гүлдерді көріп отырмыз.
Балалар: қызғалдақ ,роза,түймедақ гүл,қоңыраугүл,сарыгүл.
Дұрыс айтасыңдар балалар.
Балалар мына қызғалдақ гүлінің түсі қандай?.
Балалар қызыл. Бұл гүл кез-келген жерде өседі.
Бұл гүлдің өзіне тән хош иістері бар.
Мынау қандай гүл?.
Балалар розагүл.
Розагүл сендерге ұнай ма?.
Балалар ия.
Розагүл үлкен болып өседі. Бұл гүлдің сабағының тікенектері бар,абайлап ұстауымыз керек.Өзіне тән хош иістері бар.
Мынау қандай гүл?.
Балалар түймедақ.
Бұл гүлдің күлтесінің түсі қандай?.
Балалар ақ.
Түймедақ гүлінің күлтесі ұзындау болып келеді,сабағы жіңішке,жапырағы жіңішке ұзындау болады.Бұл гүл өте әдемі екен.
Сендерге ұнай ма?.
Балалар ия.Мынау қандай гүл?.
Балалар қоңыраугүл.
Бұл гүл қоңырауға ұқсай ма?.
Ия.
Гүлдің түсі қандай?.
Балалар ақ.
Бұл гүлдің сабағы жіңішке ұзын болады,жапырағының түсі жасыл болады.
Мынау қандай гүл?.

Бұл бақбақгүл.
Бақбақ гүлдің түсі қандай?.
Сары.
Бұл гүлдің күлтелері майдалау болып келеді. Балалар көрдіңдер ме гүлдермен де танысып алдық.Әр гүлдің өзіне тән хош иістері болады. Гүлдердің түстерін де атай білдік.Гүлдерді күтіп баптауымыз керек.Гүлдерді жұлуға болмайды.
Сергіту сәті :Балалар,бір сәт біз де гүл болып жайқалып тербелейікші.
Гүлдер,гүлдер көп гүлдер.
Қызыл гүлдер,көк гүлдер
Өсе берші нұрланып,
Осе берші ырғалып.
Балалар ойынды қызыға ойнайды. Балалар біз бүгін түймедек гүлін мүсіндейтін боламыз.Ермексаздың аппақ түрін алып,бөліктерге бөліп,гүлінің күлтелерін құрастырамыз.Жасыл түсті алып,сабағын,жапырағын жасап болғаннан кейін,жасалған гүлдің күлтесін құрастырамыз.Балалар жасағанымыз гүлге ұқсады ма?. Балалар иә.
Олай болса барлығымыз үлгіге қарап жасаймыз.

***Қорытынды**: Дала гүлдері туралы білді.Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.Балалардың жұмыстарын бағалау.*

Вариативтік компонент ***Желтоқсан айы*** 26.11.2021ж

Тақырыбы: *«Жидектер» туралы әңгімелесу (мүсіндеу).*

Мақсаты: *Өсімдіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру.Жидектер және оның атауларымен таныстыру,олардың денсаулыққа пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту.Ағаштың және бұтаның ерекшеліктерін ажырата және салыстыра білуге үйрету.Шығармашылық ойлауын,қиялын дамыту.Ермексазды кішкентай домалақ жасап, оны орналастыруды үйрету,қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.Ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.*

Көрнекілігі: *суреттер, ермексаз,тақтайша.*

Әдіс-тәсілі: *әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап,қорытынды.*

Билингвалдық компонент: *жидек-ягода,қызыл красный.*

Сабақ барысы: *Жидектер туралы әңгімелесу. Балалар қараңдаршы мына суреттерде нені көріп отырсыңдар?.Балалар жеміс бағын,жеміс ағаштары мен жидек бұталары өсіп тұр.Қараңдаршы мынау қарақат және таңқурай бұтасының суреттері.Бұта ағашқа ұқсайды.Оның жапырағы,бұтақшалары ,тамыршалары бар.Олардың айырмашылығы бұталардың діңі болмайды,тек бұтақшалары өте көп болады.Бұталардың тамыршалары ағаштікі сияқты көрінбейді,олар жердің астында өсімдіктердің құлап қалмауына, сондай-ақ су ішіп,пайдалы заттармен қоректенуіне көмектеседі.Ал бұталардың жапырақтары,ағаштың жапырақтары сияқты, адамдардың дендері сау, мықты болып өсуі үшін таза ауа береді.Сондықтан,өсімдіктерді қорғап,жапырақтарын жұлмау керек!Түрлі бұталарда түрлі жидектер өседі.*

–Қараңдаршы ,біздің бұталарда не өсіп тұр екен?.

Балалар –қарақат,таңқурай өсіп тұр.

Таңқурайдың бұталарында ұсақ нелері бар?.

Балалар тікенектері.Дұрыс айтасыңдар балалар.Таңқурайдың тікенектері жануарлардан қорғайды.

Осы таңқурайдан,қарақаттың жидектерінен не жасалады?.

Балалар тосап жасалады.Ол өте дәмді әрі пайдалы,суық тигенде шайға қосып ішеді.Балалар бүгін біз ермексаздан жидекті мүсіндейтін боламыз.Балалар жидектер бейнеленген суреттерді қарап, оның түсін, пішінін,атын атайды,мүсіндеу үшін ермексазды таңдайды.Жидектердің түсі қандай?.Балалар қызыл деп жауап береді. Дұрыс айтасыңдар балалар.Жидектерді мүсіндеу үшін қай түсті аламыз?. Балалар қызы түсті аламыз.Ермексаздан балалар саусақтарымен шымшып алып кішкене бөлшектерді үзіп алып, екі алақанның ортасына салып айналдыра домалақтайды.Іске сәт балалар .Тапсырманы ұқыпты орындайтын боламыз.

***Қорытынды**: Таңқурай мен қарақат-бұталарда өсетін пайдалы жидектер туралы түсінді.Олар суық тиіп ауырғанда көмектеседі.Балалардың жұмыстарын бағалау.Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Желтоқсан айы 03.12.2021ж

Тақырыбы: *«Гүлдер»туралы суреттер (жапсыру).*

Мақсаты:*Гүлдер туралы таныстыру.Сөздік қорын дамыту.Ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Гүлдерді күтіп-баптап,қорғай білуге тәрбиелеу.Гүлдер туралы суреттер көрсету.Қайшымен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасын естеріне салу, тиянақтылыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *гүлдер туралы суреттер.*

Әдіс-тәсілі: *түсіндіру,жұмыс жасау іскерлігін дамыту,сұрақ-жауап,қорытынды.*

Билингвалдық компонент: *гүл-цветок,ақ-белый.*

Сабақбарысы:*Балалар қараңдаршы тақтада қандай гүлдердің суреттерін көріп отырмыз?.Балалар: лалагүл,раушангүл,қоңырау,түймедақ т.б*
Дұрыс айтасыңдар балалар.
Балалар сендерге гүлдер ұнай ма?.
Балалар ия.Балалар осы гүлдердің өзіне тән хош иістері бар.
Гүлдердің қандай түстерін білесіңдер?.
Балалар: ақ,сары,қызыл,ашық көк,күлгін.Осы гүлдерді күтіп-баптасақ біздің гүлдеріміз өте әдемі болып өседі.
Гүлдерді кім күтіп-баптайды?.
Бағбан атай.Дұрыс айтасыңдар балалар.Біз гүлдерді жұлмауымыз керек,оларға су құйып,түбін қопсытып,гүлдерді шомылдырып тұруымыз керек. «Гүл қанда?й» сөздік ойыны.
Гүл туралы әдемі сөздерді айтайық.Гүл қандай?.
Балалар:гүл әдемі,көгілдір,хош иісті,нәзік үлпілдік,жұпар иісті.Балалар осы сөздерді қайталап айтады.
Дидактикалық ойын «Не жоқ?».
Ойынның шарты: тақтаға гүлдердің суретін ілып қояды.Балаларға көздерін жұмуды ұсынады.Бір суретті алып жасырып қояды.Балалар көздерін ашып, суреттер ішінде қай гүлдің жоқ екенін айтады.Ойын балалардың зеректігін шыңдайтын болғандықтан,оны бірнеше рет қайталауға болады.Балалар бүгін біз түймедақтыжапыстыратын боламыз.Сендердің алдарыңда бейнелегнен түймедақ гүлінің суреті бар.Біз тақтадағы үлгіге қарап тапсырманы орындайтын боламыз.Балалар іске сәт. ***Қорытынды***: *Гүлдердің түрлерімен таныстық.Гүлдерге қамқорлық жасау керектігін түсіндік.Балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Желтоқсан айы 10.12.2021ж

Тақырыбы: *«Шыршаны безендіреійік»(жапсыру).*

Мақсаты: *Мерекенің белгісі шыршамен таныстыру.Шыршаның түсімен таныстыру.Заттарды салыстыру арқылы «биік,орташа,аласа» ұғымдарымен таныстыру.Есте сақтау қабілеттерін,қолдың ұсақ және ірі қимылдарын дамыту.Табиғатты қорғауға,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *шыршаның суреті.Серуен кезінде шыршаны тамашалау*

Әдіс-тәсілі: *әңгімелесу,түсіндіру,бақылау,ойын,қорытынды.*

Билингвалдық компонент: *шырша-ёлка,жасыл-зеленный.*

Сабақ барысы: *Жұмбақ .*

Тікен,тікен тік ұсте,
Қысы,жазы бір түсте.
Балалардың жауаптары (шырша).
Серуен кезінде нені бақылаймыз? Балалар шыршаны. Балаларға шыршаның суретін көрсетіп,әңгімелеседі. Бұл не? Балалар шырша деп жауап береді.
Шыршаның түсі қандай?
Балалар жасыл. Балалар қысы-жазы шыршаның түсі бір түсте болады.Шыршалар биік, орташа, аласа болады.
Қай мерекеде шыршаны безендіреміз?
Балалар Жаңа жыл мерекесінде.
Шырша қандай геометриялық пішінге ұқсайды?
Балалар үшбұрыш пішінге ұқсайды. Дұрыс айтасыңдар балалар.
«Ақшақар қар ұшқынымен ойнайды» тыныс алу жаттығуы.
Ойынның шарты: алақанға әдемі қар ұшқыны қонды.Оны үрлеп ұшырайық.Қолымыз тоңды-жылытайық.Қимылмен көрсетіп ойнайды.
Ойын осылай екі-үш рет қайталанып ойналады.
Шыршаны жапсыру. Балалар альбомдағы үлгіге қарап,шыршаның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын,түстерін, пішіндердің көлемін атайды.Үшбұрышты көлеміне қарай бірінің үстіне бірін жапсырады.Әртүрлі қағаздан ойыншықтар ,дөңгелек пішіндер жасап, оны қиып,дайын болған шыршаны безендіреміз. Балалар тапсырманы ұқыпты,таза орындайды.

Қорытынды: *Шыршалардың түстерін атай білді.Шыршалар биік болатынын түсінді.Балалардың жұмыстарын бағалау.Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Желтоқсан айы 24.12.2021 жыл

Тақырыбы: «Алма» туралы әңгімелесу (дәстүрден тыс саусақпен сурет салу)

Мақсаты:Жемістермен таныстыру.Алманың түсімен таныстыру. Жемістердің дәмін ажырата білуге үйрету.Сурет салуға деген қызығушылығын,шығармашылығын дамыту: логикалық ойлауын,есте сақтау зейінін қалыптастыру.

Көрнекілігі: жемістердің суреті,муляждар,туралаған жемістер

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,көрсету.

Билингвалдық компонент: жеміс-фрукты,алма-яблоко.

Сабақ барысы: Жемістер туралы әңгімелесу.
Балалар тақтадағы суретте нені көріп отырсыңдар?
Балалар жеміс ағаштарын.
Жеміс ағашта қандай жемістер бар ?Балалар алма. Ағашта көптеген алма бар екен.Алманың қандай түстері бар?
Балалар : сары,жасыл,қызыл.
Оның пішіні ше?
Балалар -дөңгелек.Алманың дәмі қандай?Балалар –тәтті,дәмді.
Алма қатты ма-жұмсақ па?
Балалар қатты.Қарандаршы біздің ойыншық сөреде көптеген жемістердің муляждары бар.Бұл муляждарды ұқыпты ұстамасақ тесіліп қалуы мүмкін.Күнделікті сабағымызға пайдаланамыз.Бұл муляждар жұмсақтау болып келеді екен.Бұларды бір сөзбен неден айтамыз? Балалар жемістер деп жауап береді.Дұрыс айтасыңдар балалар. Балалар біз бүгін саусақпен сурет салатын боламыз.Сендердің алдарыңда боямақ,ақ қағаз,су,майлық бар.Балалар барлығымыз ең алдымен тақтаға қараймыз,мен қалай салуды көрметемін.Саусағымызды қызыл түсті боямаққа батырып,ақ қағаздың ортасына дөңгелек етіп,сызып аламыз.Сызылған дөңгелекті қызыл түсті боямақпен бояймыз. Алманың таяғын жасыл түсті боямақпен бояп,жапырағын сызып аламыз,сызылған жапырақты жасыл түспен бояймыз.Ұқыпты,таза орындаймыз.Іске сәт балалар.
Дидактикалық ойын «Дәмін татып,не екенін тауып көр»
Жемістерді жуып бөліктерге бөліп,балаларға көздерін жұмуды ұсынып,кезекпен жемістердің бөліктерін балалардың ауыздарына салады.
–Сенің аузыңдағы не? Балалар алма деп жауап береді.Жемістерді жуып жеу керек.Кір қолмен жемістерді ұстауға болмайды.Ойын осылай қайталанып ойналады. **Қорытынды**:Жемістерді атай білді.Жемістерқандай пішінге ұқсас келетінін түсінді. Балаларды мақтап,мадақтау.

Вариативтік компонент ***Қаңтар айы*** 31.12.2021ж

Тақырыбы: *«Қысқы ағаштар» (боямақпен жұмыс)*

Мақсаты: *Қыс мезгілі туралы түсінік беру.Қыс мезгілінің табиғат ерекшеліктерімен таныстыру; ауа райының негізгі белгілерін білуге үйрету.Сурет бойынша заттарды атай білу қабілетін дамыту.*

Көрнекілігі: *қысқы табиғаттың суреттері.*

Әдіс-тәсілі:*әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын.*

Билингвалдық компонент:*қысқы ағаштар-зимние деревья*

*.**Сабақ барысы:** Қысқы ағаштар туралы әңгімелесу.*
–Балалар қыс мезгілінде ауа райы қандай болады?-Суық.
Дұрыс айтасыңдар балалар.
Балаларды терезенің алдына жинап,далаға көз тастап әңгімелеседі.
–Үйдің шатырынан,ағаштың басынан,.жерден не көріп тұрсыңдар?
-Қар.
–Қардың түсі қандай?- Аппақ.
-Қар жылы ма?- Мұздай.
Дұрыс айтасыңдар балалар.
Серуен кезінде қысқы ағаштарға бақылау жүргізу.Балаларға далаға серуенге шығатынын айтады.Балалар жылы киімдерін киіп,даладағы табиғатты тамашалай бастайды.
–Балалар,қараңдаршы жерде не өсіп тұр?- Ағаш.
–Қыста ағашта жапырақтар болады ма?-Балалардың жауаптары жоқ.
–Қыста ағаштың үстінде қар жамылып тұр.
–Жерде тағы не бар?-Қар.
-Қане,қарды басып жүріп көрейікші,қандай дыбыс шығады екен?-Ғырт-ғырт.

Балалар қараңдаршы қысқы табиғатымыз өте әдемі.ақ көрпе жамылып жатқандай.Барлығымыз жерде жатқан қарды алақанымызбен ұстап көрейікші,алақанымыздағы қарды қатты умаждан қысып ұстаймыз,балалар не байқадық,қолымыздағы қарымыз кішірейіп,суланып,ери бастады. Балалар бүгін біз қысқы ағаштарды түсін есте сақтайық. Қимылды ойын «Қар жинау».Балалар ойынды көңілдене ойнайды

Түскі ұйқыдан соң көк қағаздарға ақ бояумен қысқы ағаш бейнесін саламыз.Боямақтармен жұмыс.Іске сәт балалар.Тапсырманы ұқыпты,таза орындаймыз.

Қорытынды: *Балалар қыс мезгілінің ерекшеліктерін атай білді.Қыста ағаштың жапырағы болмайтынын түсінді.Балалардың жұмыстарын бағалау,мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Қаңтар айы 14.01.2022ж

Тақырыбы: *«Бөлме гүлдері» әңгімелесу (еңбек гүлге су құю, гүлдің жапырақтарын сүрту).*

Мақсаты: *Бөлме гүлдерімен және оны күтудің ережелерімен таныстыру.Ұсақ қол қимылдарын,қиялын дамыту.Гүлдердің сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *бөлме гүлдері,суреттер.*

Әдіс-тәсілі: *бөлме гүлдері туралы әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын,қорытынды.*

Билингвалдық компонент: *бөлме гүлдері-комнатные цветы*

Сабақ барысы: *«Бөлме гүлдері» туралы әңгімелесу.Балаларға бөлме гүлдерін көрсетіп,әңгімелеседі.*

Барлық өсімдіктер күнді және жарықты жақсы көреді, сондықтан да оларды терезенің алдына қоямыз.Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры,сабағы,жапырағы және гүлдері бар.Біз енді өсімдіктерді қалай күтіп-баптау керектігін білетін боламыз.

Тамыры топырақтың астында болады,олар көрінбейді,өсімдіктердің су ішуіне көмектесеміз,сондықтан да оларға су құйып тұру қажет.Гүлдердің тамыры дем алып тұруы үшін топырағын қопсытамыз.

Бөлме гүлдерін күтіп- баптаудағы іс тәжірибе.

Балалармен бірге өсімдіктерді қарап,оларға су құйып,гүлдің астына қоятын тұғырықты жуады.Балаларды өзінің жұмысына тартып,кейде көмектесуін өтінеді.Оларға су құйғышты беріп өсімдікке қалай су құю керек екенін түсіндіреді (су құйғышты жоғары көтермей,суды байқап құю).Алдымен баланың қолымен су құйғышты ұстауына көмектесу керек.Сонымен қатар,педагог біртіндеп барлық балаларды гүлге су құюға, үйретеді.Балалар педагогтың көмегімен өсімдіктерге су құюды,су құйғышты дұрыс ұстап,суды бапен абайлап құюды,дымқыл шүберекпен гүлдің жапырағын сүртуді білуі керек.Балаларды топырағы көп мөлшерде ылғалды қажет ететін гүлдерді күтіп баптауға үйрету керек.Мұндай жұмыстарды бірнеше бүлдіршіндерге беруге болады.Баланың гүлді күтіп-баптауға деген қызығушылығын арттыру, талпынысын ынталандыру үшін олар педагогпен бірге берілген тапсырманы орындауы шарт.Міне ,бұл кезеңде бүлдіршіндер тек бөлме гүлдерімен танысып, табиғат бұрышында еңбектеніп қана қоймай бақылауға да үйренеді. ***Қорытынды:*** *Бөлме гүлдері өте жоғары күтімді талап ететінін білді.Үлкендердің еңбегін бағалау керектігін түсінді.*

Вариативтік компонент Қаңтар айы 21.01.2022ж

Тақырыбы:«Гүлдер дүкені» (желілі-тақымдық ойын).

Мақсаты: Бөлме гүлдерімен және оны күту ережелерімен таныстыру.Бөлме гүлі-қазтамақпен таныстыру.Есте сақтауын,қиялын,ойлау қабілетін дамыту.әдептілікке,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: бөлме гүлдері,суреттер.

Әдіс-тәсілі: бөлме гүлдері туралы суреттермен әңгіме жүргізу,түсіндіру,сұрақ-жауап,қорытынды.

Билингвалдық компонент:
бөлме гүлдері-комнатные цветы.

Сабақ барысы:«Гүлдер дүкені» туралы әңгімелесеміз.
Алдын ала түстері әртүрлі ыдыстағы қазтамақ гүлі бейнеленген гүлдердің суреттерін дайындап алады.Мүмкіндік болса,дүкеннің сатушысы ересек топтың баласы немесе үлкендер болуына болады.Құыршақты қолына алып ойынды бастайды.

–Сәлеметсіз бе,менқызыл ыдыстағы ақ қазтамақ гүлін сатып алайын деп едім.

–Алыңыз,өтінемін!
-Рахмет!
Сәлеметсіз бе,мен үлкен ыдыстағы қызыл қазтамақ гүлін алайын деп едім.
–Алыңыз !
Ойын осылай жалғаса береді.Балалар ойынды көңілдене ойнайды.
Балалар сатушы болған сендерге ұнай ма?.Балалар қараңдаршы терезенің алдында көптеген гүлдер бар.Сендерге гүлдер ұнай ма? –ия.
–Балалар бөлме гүлдері-ауаны тазартып,үйдің ішін әсемдейді,емделеді.Гүлдің пайдасы мол.Сергіту сәті.
Бала,бала,балақан.
Қане қайсы алақан.
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат.
Балалар өлеңге сәйкес қимылдар жасайды.
«Гүл» саусақ ойыны.
Балалар қолдарын көтеріп,саусақтарын біріктіріп,жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді.Жайлап саусақтарын ашып,алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету.Төмендегі тақпақты қайталату:
Міне,гүлдің бүршіктері,
Ашылады әдемі.Балалар ойынды көңілдене ойнайды.

Қорытынды: Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.

Вариативтік компонент Қаңтар айы 28.01.2022ж

Тақырыбы: «Дәрумендер» әңгімелесу (жапсыру).(Аузымызға не түсті,тісімізге не тиді?) ойын.**Мақсаты**: Балалардың тағамдар жөнінде түсініктерін қалыптастыру.Дәрумендер және олардың пайдасы туралы алғашқы түсінік беру; жеміс тер мен көкөністердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.Тыңдай және қарапайым ойын ережелерін орындай білу іскерліктерін дамыту.

Көрнекілігі: муляждар,картиналар
Әдіс-тәсілі: әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын

Билингвалдық компонент: жеміс тер-фрукты

Сабақ барысы:Әңгімелесу «Дәрумендер» .
Балалар,бізге қонаққа қуыршақ Әйгерім келіпті. Ол ауырып қалыпты.Дәрігер тексеріп,оған дәрумендер жетіспейтінін анықтапты.
Дәрумендер дегеніміз не? –Дәрумендер-денсаулығымызға және сергек болуымызға көмектеседі.Егер тамақта дәрумендер жетіспесе,адамдар біздің қуыршағымыз сияқты ауырып,әлсіз болып қалады.
Қуыршақ:
-Мен дәрумендерді қайдан аламын?
-Біз дәрумендердің қайда екенін білемізгой! Кане, қуыршаққа айтайық .
Көкөністерде ,жеміс-жидектерде.Егер жеміс тер мен көкөністер ұзақ уақыт сақталса, оларда дәрумендер азаяды.Ал қыста дәрумендерді қайдан аламыз?

Өзімізге пайдалы дәрумендерді көп жеуіміз керек.
(Аузымызға не түсті,тісімізге не тиді?) ойын.
Үстелге жеміс тер мен көкөністерді қойып, «Бұл не?» деп көрсетіп сұрайды.Содан соң жеміс тер мен көкөністерді кесектеп турап,балаларды жанына шақырып, көздерін жұмғызып,аузын ашуды сұрайды.Баладан «Аузыма не түсті,тісімізге не тиді?» деп сұрап,шанышқымен жеміс тер мен көкөністерді аузына салады.Бала аузына салынған заттың не екенін тауып айтады.Енді ортаға шыққан басқа баланы жанына шақырып, ойынды жалғастырады.Қажетті жағдай туса, педагог балаларға сыбырлап көмектеседі.

Қорытынды : Дәрумендер көкөністер мен жеміс-жидектерде болады.Балаларды мақтап,мадақтау.

Вариативтік компонент Ақпан айы 04.02.2022ж

Тақырыбы: «Жемістер» туралы әңгімелесу (боямақпен жұмыс).

Мақсаты: Жемістермен таныстыру.Сурет салуға деген қызығушылығын қалыптастыру: логикалық ойлауын,есте сақтауын қалыптастыру.**Көрнекілігі:** жемістердің муляждары,суреттер.

Әдіс-тәсілі: әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын,қорытынды.

Билингвалдық компонент: жеміс-фрукты .

Сабақбарысы: Әңгімелесу.

Балалар тақтадағы суреттерге назар аударайықшы нені суреттерін көріп отырмыз?- Жемістердің.

-Дұрыс айтасыңдар.Жемістерді атайықшы?-Алма,өрік.жүзім,алмұрт,шие.т.б

-Сендер жемісті жақсы көресіңдер ме?-Ия.Жемістерге жеке-жеке тоқталып өтеміз.

Мынау не?-Алма.

Алманың түсі қандай?-Сары,қызыл,жасыл.Алманың дәмі тәттіме ашшыма?-Тәтті.Алманың пішіні қандай?-доңгелек .

Мынау не?-Өрік.Оріктің түсі қандай?-Сары.Дәмі қандай ?-тәтті.Пішіні қандай?-сопақша,доңгелек. Мынау не?-Жүзім.Түсі қандай?-Қызыл,жасыл.Дәмі қандай? – Тәтті.Пішіні қандай?-Дөңгелек,сопақша болып келеді.

Мынау не? –Алмұрт.Түсі қандай?-Сары,жасыл.Пішіні қандай?-Сопақша .Дәмі қандай?-тәтті. «Алманың » суретін салу (боямақпен).Балаларға ең бірінші шеңбердің суретін салып үйренетіндерін түсіндіреді.Балалар үлгіге қарап тапсырманы ұқыпты,таза орындайтын боламыз.

«Дәмін татып,не екенін тауып көр» танымдық ойын.

Жемістерді жуып бөліктерге бөліп,балаларға көздерін жұмуды ұсынып, кезекпен жемістердің бөліктерін балалардың ауыздарына салады.

–Сенің аузыңдағы не? -Алма ма,әлде алмұрт па? Тауып көр.

–Жемістерді міндетті түрде жуып жеу керек.Кір қолмен жемістерді ұстауға болмайды.Ойын 2-3рет қайталанып ойналады.

Қорытынды: Жемістерге нелер жататынын білді.Балардың жасаған жұмыстарын бағалау.

Вариативтік компонент Ақпан айы 11.02.2022ж
Тақырыбы: *«Ағаштар неге ашуланды?» әңгіме.*

Мақсаты: *Балаларды Б.Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан-жақты дамыту.Балалардың дүниетанымын кеңейту,табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *кітап,суреттер,дәптермен жұмыс*
Әдіс-тәсілі: *әңгіме,сұрақ-жауап*
Билингвалдық компонент: *ағаш-дерево*
Сабақ барысы:*Педагог төмендегі өлең жолдарын қайталайды.*
Мейірімді жүрекпен
Бөлісемін бақытты
Ақ ниетпен шын тілеп Ізгі істерді жақұтты.
Шеңбер бойына тұрып,өлең жолдарын қайталап,қимылдар жасайды.
Әңгіме.
–Бүгінгі оқу іс-әрекетінде жазушы Б.Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?»әңгімесін оқып, мазмұнымен танысамыз.
Әңгімені оқып беру.Сұрақ-жауап арқылы әңгіменің мазмұнын ашу.
–Оқылған әңгімеде жылдың қай мезгілі туралы айтылған?-Көктем.
Алмабек не отырғызды?-Тал екті.
-Алмабектің сыныптастары отырғызған ағаштарды қалай күтті?- Суғарды.
–Алмабек отырғызған ағаштарын күтті ме?
-Жоқ,күтпеді.
–Алмабек жолдастарымен қайда барды?
-Өзенге шомылуға.
–Алмабек нене шыңғырды?
-Қорықты.
–Алмабектің істеген қылықтары туралы не ойлайсыңдар?
-Дұрыс емес.
Сергіту сәті
Тербеледі ағаштар,
Алдымыздан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Үп-үлкен боп өседі. Қимылдар жасайды.
Дәптермен жұмыс.
Суретке қарап әңгіме құрастыр. Ойларын айтады.Балалардан әңгіменің мазмұнын сұрау.Дидактикалық ойын «Жапырағына қарай ажырат»
Қорытынды: *Әңгіменің мазмұнын білді.Ағаштардың адам өміріне пайдасы бар екенін түсінді.Табиғатты қорғайық.*

Вариативтік компонент Ақпан айы 18.02.2022ж.

Тақырыбы: *«Ағаштар ұйықтай ма?» (жылжымалы папка театры).*

Мақсаты: *Өсімдіктер туралы түсіндіру. Сөздік қорын дамыту мен дыбыстарды айтуға баулу.Еңбексүйгіштікке табиғатты аялауға тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *Суреттер,атрибуты.*

Әдіс-тәсілі: *түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап.*

Билингвалдық компонент: *емен-дуб.*

Сабақтыңбарысы:*Балалар бүгін сендер «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісін жылжымалы папка арқылы сахналап бересіңдер.*

Балалар ертегіні мұқият тыңдап,сахналап береді.

Інжу-емен ағашы болып айтамыз.

Балалар -Даяна орманды жақсы көреді екен.

Мерей- Каусар қызымыз болады.

Көркем-емен ағашы болып әңгімелеседі.

Көркем еменнен не сұрайды.

–Қабығы.

Тақпақ айтамыз.

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

Балалар өлеңге сәйкес қимылдар жасайды.

Дидактикалық ойын «Қай ағаштың жапырағы?»

Қорытынды: *Балалар өзіне берілген тапсырманы орындауды білді.*

Тақпақты ретімен орындап қимыл жасауды түсінді.

Вариативтік компонент Ақпан айы 25.02.2022ж

Тақырыбы:*«Түймедақ» туралы әңгімелесу (жапсыру).*

Мақсаты: *Өсімдіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру.Өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін кеңейту;өсімдіктерді күтіп-баптауға үйрету,бөліктерден гүл құрастыруға,болшектерге желім жағып оларды парақка жабыстыра білуге үйрету.Табиғаттың әсемдігін тамашалай білуге үйрету.*

Көрнекілігі: *суреттер,картиналар, желім,қайшы,ақ парақ.*

Әдіс-тәсілі: *өсімдіктер туралы әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын.*

Билингвалдық компонент: *гүл-цветок.*

Сабақтың барысы: *Балалар бүгін біз түймегүл туралы әңгімелесеміз.*
Барлығымыз тақтаға суреттерге назар аударайықшы.
Балалар мынау қандай гүл?-Түймедақ.Дұрыс айтасыңдар балалар.Біз бүгін түймегүл гүлімен танысатын боламыз.Түймедақ өте әдемі гүл.
Түймедақтың түсі қандай?-Ақ.Түймедақтың ортасы сары болады екен.
Гүлдің бөліктерін атайықшы? -Олардың сабақтары,жапырақтары,гүлі және тамыры бар.Балалар күлтешесі ақ болады екен.Олардың өзіндік хош иісі бар.

–Қане бәріміз иіскеп көрейікші.Не деген хош иіс?!
Дайын бейнеленген гүлдің күлтешелерін,сабақтарын жапырақтарын,ортасындағы сары түсті доңгелекті қойып желіммен жұмыс жасайтын боламыз.

Барлағымыз тақтадағы үлгіге қарап тапсырманы орындаймыз.Гүлдерді біз қайда егеміз?-Баубақшада,үйде егеміз.Гүлдер үйге сән беріп тұрады.
Дидактикалық ойын : «Гүл жинау» балалар ойынды көңілдене ойнайды.

Қорытынды: *Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент Наурыз айы 04.03.2022ж

Тақырыбы: «Көктемгі гүлдер» әңгімелесу (трафарет)

Мақсаты: Көктемдегі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.Көктем мезгілі туралы жалпы түсініктерін бекіту.Ақыл-ойын дамыту;сұраққа толық жауап беруді,үйретуді жалғастыру.Табиғаттың сұлулығын коре білуге тәрбиелеу

.Көрнекілігі: суреттер,картиналар. слайд.

Әдіс-тәсілі: көктемгі гүлдер туралы әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын,қорытынды.

Билингвалдық компонент: бақбақ-одуванчик бәйшешек-подснежник

Сабақтыңбарысы: «Көктем гүлдері» тақырыбында әңгімелесу. «Не жоқ?» ойыны.

–Қазір жылдың қай мезгілі? (Көктем).

-Дұрыс айтасыңдар, көктем мезгілі.Біз апта бойы көктем мезгілінің табиғатын далаға,серуенге шығып бақылаған,тамашалаған болатынбыз.Фотосуреттерге аударып,ондағы қардың еріп су болып аққаны,ағаштардың бүршік жарғаны жайлы балалардан сұрау.

–Балалар,сендер көктемгі табиғат ерекшеліктерінен нені байқадыңдар?

-Балалар неліктен қар ериді? (Күн жылы).

–Көктемде ағаштарда не пайда болады? (Бүршік).

–Бүршіктердің түсі қандай? (Жасыл).Ал ағаштың ше? (Қоңыр).

–Міне кордіңдер ме,көктем айында жер беті құлпырып озгеше бір ерекшелікте болады.Күн жылынып,қар ериді.Жылы жақтан құстар ұшып келеді,тіпті жер беті жап-жасыл болып,қар астынан шыққан гүлдер-бәйшешектер жерге көрік беріп тұрады.

-Көктемгі гүлдерді атайықшы?-Бақбақ гүл,бәйшешек.

–Балалар бүгін біз Трафарет сұлбасымен бақбақ гүлінің суретін салатын боламыз. Сұқсаусағымызды боямаққа батырып нүкте арқылы гүлдің сурет саламыз.Барлығымыз тақтадағы үлгіге қарап тапсырманы таза,ұқыпты орындайтын боламыз.

Қорытынды:Балалардың жұмыстарын бағалау,мақтап,мадақтау.

Вариативтік компонент ***Наурыз айы*** 11.03.2022ж

Тақырыбы: *«Саңырауқұлақ» туралы әңгімелесу (боямақпен жұмыс).*

Мақсаты: *Өсімдіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру.Саңырауқұлақтармен таныстыруды жалғастыру;заттың пішінін, түсін ажыратуға үйрету;заттың атын атағанда толық жауап беруге үйрету.Оның денсаулыққа тигізер пайдасын түсіндіру.улы болатынын түсіндіру.*

Көрнекілігі: *суреттер,муляждар.*

Әдіс-тәсілі: *әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап.*

Билингвалдық компонент: *саңырауқұлақ-грибы*

Сабақтың барысы: *Саңырауқұлақ туралы әңгімелесу.*

–Балалар саңырауқұлақтың муляждарына қарайықшы. Бұл саңырау құлақтар.Саңырауқұлақ қай кезде пайда болады?-Көктем мезгілінде.Коктем мезгілінде жауын жауын болғаннан кейін саңырауқұлақтар қаптап шығады.Саңырауқұлақтың көптеген түрлері бар екен.Оның арасында улы саңырауқұлақтар бар.Біз улы саңырауқұлақтан сақтануымыз керек.Саңырауқұлақтардың көптеген түстері бар.Түстерін атайықшы? Балалардың жауаптары :қызыл,сары,қоңыр,ақ.Жейтін саңырауқұлақты 4-5рет жақсылап жууымыз керек. Саңырауқұлақты ауызға салуға болмайды.Қолымызды тазалап жуумыз керек.Педагог балаларға алдын ала салынған дайын саңырауқұлақтың суретін үлестіріп береді.Балалар езілген дайын ақ бояуға саусақтарын малып саңырақұлақтыңқызыл қалпақшасына ақ дақтар салады.Сурет салып болғаннан кейін қолымызды жуамыз.

Сергіту сәті

Бала-бала-балақан,
Қане қайсы алақан.
Саусақтарың әйбат.
Былай-былай ойнат.Балалар саусақ қимыл қозғалыстар жасайды. Балалар бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?Несімен ұнады? ***Қорытынды***:*Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап ,мадақтау.*

Вариативтік компонент Наурыз айы 18.03.2022ж

Тақырыбы:«Гүлдер»(қайшымен жұмыс)

Мақсаты: Көктем гүлдерімен таныстыру.Көктем гүлдерімен және олардың түрлерімен таныстырып,салыстыра білуге үйрету.Ұсақ қол қимылдарын дамыту.Желімен жұмыс жасау іскерлігін дамыту.

Көрнекілігі: гүлдердің суреттері,желім,қайшы,аққағаз.

Әдіс-тәсілі: әңгімелесу,түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын,желімен ,қайшымен жұмыс жасау.

Билингвалдық компонент: гүл-цветок.

Сабақтың барысы: Жылулық шеңбері. «Қол ұстасып тұрайық,шаттық шеңбер құрайық!» Әңгімелесу.

Тақтадағы көктем гүлдерінің суреттерін көрсете отырып, балалармен әңгімелеседі.

–Қандай көктем гүлдерін білесіңдер?-Бақбақ,бәйшешек,қызғалдақ

Гүлдердің түстері қандай болады?-Сары қызыл,ақ.Мүмкіндік болса,бақбақ гүлін балаларға ұстатып,иіскетіп.өз әсерлерімен бөлісуін сұрауға болады.

–Гүлдің иісі қандай екен? Хош иісті.Ал осы гүлдер не үшін керек деп ойлайсыңдар?Адамдар гүлдерді не үшін өсіреді?

-Бақбақ гүлі сары болады да,бірте-бірте ақшақардай үлпілдеп,аппақ болып үрлесең болды ұшып кетеді.

Ж.Кәрбозиннің «Бақбақ» өлеңін оқу

Үлбіреген бақбақ,
Үлпілдеген аппақ.
Үф-дессем,бақбақ,

Ұшасың гой қаптап.Балалар бүгін біз бәйшешектің суретін жапсыратын боламыз.Барлығымыз тақтадағы үлгіге қарап тапсырманы орындайтын боламыз.Сендердің алдарыңда қиылған бәйшешектің сұлбасы бар,ақпаракқа желім арқылы жапсырады.Іске сәт балалар.

«Не артық?» дидактикалық ойын.

Гүлдердің суретінің ішіне бірнеше бөтен заттардың суреттерін де қосып қояды.Балалар жинауы тиіс.Кім көп гүл жинаса,сол жеңіске жетеді.Ойын 2-3рет қайталанып ойналады.

Қорытынды:Балалар көктемгі гүлдерді атай білді.Жұмыстарын бағалау.

Наурыз айы. 25.03.2022ж.

Тақырыбы: *«Ақ бидай» ертегісі.*

Мақсаты: *Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың іс –әрекеттерін бағалауға үйрету. Дәнді дақылдар және бақша өсімдіктері туралы айту.*

Көрнекілігі: *Бидайдың суреттері,бидай.*

Әдіс-тәсілі: *ертегінің мазмұнын түсіндіру,сұрақ-жауап ,қорытынды.*

Билингвалдық компонент: *бидай- пшеница.*

Сабақтың барысы: *Жылулық шеңбер «Ақ бидай дәндері» Балалар педагогпен бірге шеңберге тұрады. Педагог балаларға өздерін «бидай дәндері » деп сезінуді сұрайды.Үнтаспадан ақырын жәй әуен ойналып тұрады.*

Балалар педагогтың айтуы бойынша қимыл жасайды.

-Баллалар сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?

-Балалар Ия.

Қандай ертегілерді білесіңдер? -Түлкі мен қырғауыл,шортан балық,алтын балық т.б.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын мұртты сарылар,қойынында наны бар Бұл не? (Бидай).

Дұрыс айтасыңдар балалар.Балалар мен сендерге «Ақ бидай» ертегісін оқып беремін,ертегіні мұқият тыңдап отырамыз.

Ерте заманда бидай өз бетімен өседі екен .Бір жылы қатты қуаншылық болады.Күннің оттай ыстық аптабынан,ылғалдың тапшылығынан өсімдік сұмдық тарығады.Сол бір кезде тіршілік үшін жанталасқан өсімдік атаулы Ақ бидайды жан-жағынан қаумалай,тұс-тұсынан алқымға ала бастайды.Тамыры мықтылары Бидай өсіп тұрған жердің астындағы суды тартып алады.Оның маңындағы көрегін жырып әкетіп жатады.Кейбір бойшаң бұталар күннің көзіне қасақана тұрып алып,жарық түсірмей бағады.Сөйтіп ,Ақ бидайдың жағдайы күннен-күнге нашарлай бастайды.Ақырында, өлер халге жетеді.Сосын ол олай-былай жүгіріп,жортып өткен әр қилы аңдардан жәрдем сұрайды.Үстінен әрлі-берлі қалықтап ұшып өткен үлкен-кіші құстарға да жалбарынады.Бірақ оның өтінішіне, мұңзарына ешқайсысы құлақ аса қоймады.Енді өлдім гой деген сәтте Ақ бидайға садақ асынған,қолында найзасы бар аң,аулап жүрген адам кезігеді.Бидай байқұс көзінің жасын төгіп тұрып,адамға мұңын шағады, мүшкіл халін бастан-аяқ баяндап береді.Адам біраз ойланып тұрып ақырында,бидайдың өтінішін қабыл алады.Садағын жерге қойып,найзасын бұтаға сүйей салады да,білегін сыбанып жіберіп,бірден іске кіріседі. Ақ бидайдың айналасындағы жауыз шөптердің бәрін қолымен жұлып отап,тып-типыл қылады.Олардың бидайға ауыз салып жатқан арам тамырларын найзасының ұшымен қопарып тастайды.Сосын біраз жердегі ағып жатқан бұлаққа барып,тақиясын толтырып су әкеледі. Әлсіреп қалған Ақ бидай мөлдір суға қанып, өзінің көзін құртқалы тұс-тұсынан анталап келіп қалған

жауыннан құтылғаннан кейін бой түзеп, құлпырып сала береді.адам да ауық-ауық келіп-кетіп, Ақ бидайға қамқор болып жүреді.Қаскөй шөптер мен тікендерді.Бидайдың маңына жолатпай, мезгіл-мезгіл суарып тұрады.Содан күзге салым Бидай сарғайып піседі.Баданадай бар дәнін,бір түйірін шашау шығармай Адамға тарту етеді.Адам сыйға алған дәнін бір күз, бір қыс сақтайды.Көктем шыққаннан кейін ақылы мен білігінің арқасында үйшігінің алдындағы тегістеу жерді қопсытып,соған әлгі дәндерді сеуіп тастайды.Жаз бойы арам шөптерді жұлып,уағында суарады,баптап тұрады.Ақырында,еңбегі заяға кетпей,күзде Адам дән сепкен жерінен бір дорба бидай алады.Келесі жылы-бір қап,сосын –он қап,сөйте-сөйте-мың ғап алады.Адам мен Ақ бидайдың ажырамас достастығы есте жоқ ерте заманда осылай басталған екен. Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Қорытынды:*Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент. Сәуір айы.

Тақырыбы: *«Дала гүлдері» туралы (жұмбақтар)*

Мақсаты: *Дала гүлдері туралы түсініктерін кеңейту.Дала гүлдеріне қандай гүлдер жататынын айту.Дала гүлдердің пайдасы.*

Көрнекілігі: *дала гүлдерінің суреттері.*

Әдіс-тәсілі: *сұрақ-жауап әңгімелеу,ойын.*

Билингвалдық компонент: *дала гүлдері-*

Сабақтың барысы: *Жұмбақ .*

Адамдардың бәрі қызығады,ұстай берсең сәні бұзылады. Бұл не? Балалардың жауаптары (гүл).

Әңгімелесу.

Балалар тақтадағы суреттерге назар аударайықшы.Қандай гүлдерді көріп отырсыңдар,дала гүлдерін.Дұрыс айтасыңдар балалар.Осы дала гүлдеріне жеке-жеке тоқталып өтеміз.

-Мынау қандай гүл?-Түймедақ гүлі.-Түсі қандай?-Ақ,

Келесі гүлге қарайықшы.Мынау қандай гүл? –Қызғалдақ.Түсі қандай?-Қызыл. – Мынау қандай гүл?Роза гүл.Түсі қандай-?Қызыл.Гүлдеріміздің өзіне тән хош иістері бар.Балалар гүлдер адамдарға хош иіс сыйлайды.Өзіне тән хош иістері бар. бір сөзбен не деп атаймыз.Дала гүлдері деп аталады.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Дидактикалық ойын «Не өзгерді?»

Тақтаға түрлі-түсті гүлдің түрлері бейнеленген суреттер қойылады.Балалар олардың қойылған орнын анықтап қарап алып,содан кейін көздерін жұмады.Педагог екі-үш гүлдің екі-үшеуінің орнын ауыстырып қояды.Балалар көздерін ашып тақтада не озгергенін атаулары қажет.Педогог балалардың назарын Қарлығаштың жіберген хатына аударады.

Сергіту сәті

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз,
Той күні бір-бірлеп,
Анамызға сыйлаймыз.Балалар өлеңге сәйкес қимылдар жасайды.

Қорытынды: *Дала гүлдерін атай білді.Түстерін ажырата білді.Сабаққа белсене қатысқан балаларды мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент . Сәуір айы. 08.04.2022 ж
Тақырыбы: *«Арпа сеуіп үйренеміз» (тәжірибе жасау)*

Мақсаты: *Арпа сеуіп үйрету.Зерттеу,тәжірибе жасау қорытындысын шығару. Өзіне ,өзінің мүмкіншілігі мен күшіне сенуіне жағдай жасау, белсенділігін арттыру,өзін және өзінің еңбегін бағалауға дағдыландыру.*
Көрнекілігі: *арпаның өсіп тұрған суреті.*
Қажетті –құрал жабдықтар: *үш жәшік:біреуінің ішіне топырақ салынған,екеуі бос,әр бала санына жететіндей қағаздан жасалған стақан,үлкен қасықтар,ішіне арпаның дәнегі салынған тәрелке.*
Әдіс-тәсілі: *сөздік,сұрақ-жауап әңгімелесу.*
Билингвалдық компонент: *арпа-ячмен*
Сабақтың барысы: *Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне шақырады.Балалар шаттық шеңберін құрып,өздеріне таныс өлең жолдарын айтады. –Балалар ,біз бүгін арпа себеміз.Арпа өскен соң онымен біз құстарды тамақтандырамыз.Міне,мынау- арпаның дәнегі.Арпаны көшет арқылы отырғыза алмаймыз.Оны тек себуге ғана болады.Біз арпаны сепкенде жай ғана сеуіп қана қоймаймыз,бірінші ден зерттеу жүргіземіз, екіншіден бақылаймыз.Ол үшін сендер алдыларыңа алжапқыштарыңды киіп алыңдар. Балалар алжапқыштарын тағады.*
–Сендердің алдарыңдағы екі ыдыста арпаның дәнегі жатыр.Екі ыдыстағы арпаның дәнегінен қандай өзгерістер байқалады.Енді құрғақ дәнді қолдарыңа алып,оның екі жақ ұшына назар аударыңдар.
–Бірінші тәрелкедегі арпаның дәні құрғақ,екіншісі суға салынған.
–Енді құрғақ дәнді қолдарыңа алып,оның екі жақ.Қалай ойлайсыңдар,суда тұрған арпа қатты ма жұмсақ па.
–Не себепті суға салынды?
-Арпаның отырғызбас бұрын не істейміз?
-Дұрыс айтасыңдар, бәрің бері жақында жәшіктегі топырақтан стақандарыңа кішкене ғана топырақ салыңдар.Балалар екі орталыққа бөлінеді. Стақандарға топырақ саламыз.
–Енді бірінші орталықтың балалары құрғақ арпаны,екінші орталықтың балалары сулы арпаны алып топыраққа шаншу арқылы себеміз де үстін топырақпен жабамыз.Сеуіп болғаннан кейін екі жәшікке салып қоямыз.
Бірінші орталықтағы балалар құрғақ арпаны екінші орталықтағы балалар судағы арпаны сеуіп,үстіне тағы да топырақ салады да өздеріне көрсетілген бос жәшікке салады.Суғарамыз.
Арпа тез өсіп шығу үшін не істейміз? Дұрыс айтасыңдар ,құрғатпай суғарып тұрамыз.Және әркім өзінің сепкен арпасын бақылайды.Педогог балалардан бүгінгі жиынnан алған әсерлерін,көңіл күйлерін ,немен айналысқандарын,не үйренгендерін сұрайды.

Қорытынды: *Өсімдіктердің де дәннен өсіп шығатындығын,бірінші шөптің шығатынын,онан кейін жемісінің пайда болатынын білді.Арпаның дәннен өсетіндігін жемісінің қалай пайда болатындығын түсінді.*

Вариативтік компонент . Сәуір айы. 15.04.2022ж

Тақырбы: *«Ағаштар жайлы жұмбақтар» (суреттер көру)*

Мақсаты: *Балаларды өсімдіктер әлемімен таныстыру.Ағаштар және оны құрлысы туралы түсінік беру;заттарды бөліп алу,оларды топтарға біріктіру іскерліктерін бекіту,сөйлеу де баланың «бір» , «көп» деген сөздерді орынды қолдануға үйрету.Балаларды табиғатпен таныстыру арқылы көркемі әсерлері және көркемі-бейнелі ойлаудың қарапайым түрлерін дамыту.*

Көрнекілігі: *ағаштардың суреттері*

Әдіс-тәсілі: *сөздік,сұрақ-жауап әңгімелесу.*

Билингвалдық компонент: *ағаш-дерево.*

Сабақтың барысы: *Ағаш туралы әңгімелесу.*

Педагог балаларға түрлі ағаштардың суретін көрсетіп,серуен кезінде көрген мағлұматтарын естеріне түсіріп,әңгімелеседі.Ағаштар ауаны тазартып тұрады және жазда күннен,ыстықтан қорғап ,көлеңке болады.Оларды қорғау керек.

–Ағаш-бшік өсімдік.Ағаштың жапырағы,бұтақтары және діңі бар.Ал оның тамыры жердің астында,терең де жатады,сондықтан көрінбейді.Ағаштар тірі олар дем алады,көректенеді,өсіп-өнеді.Күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып түсіп қалады. Балалар серуенге шыққанымызды біз нені бақылаймыз? Ағаштарды.Біздің балабақшаның айналасында көптеген ағаштар,шыршалар бар екен. Бі ағаштарды сындырмауымыз керек.Оларға күтім жасау.Балалар ағаштардың қандай пайдасы бар.Маған кім айтып береді.Мерей келегой ағаш бізге не үшін керек?Біз ағашты үйге пайдаланамыз,тағы не пайдаланамыз,Күнделікті тұрмыста қолданатын заттар ағаштардан жасалады.Дұрыс айтасың отырағой.Балалар көрдіңдерме біздің бақшаның айналасындағы ағаштарымыз өте әдемі болып тұр. Біз күн ыстық болған жағдайды ағаштың көлеңкесін паналаймыз.Балалар барлығымыз алдарымыздағы суреттерге қарап назар аударамыз.Сендер қандай суреттер көріп отырсыңдар.Ақниет ағаштардың суреттері.Ағаштардың көптеген түрлері бар екен.Хансұлтан ағаштардың аттарын атап берші? (емен,қарағай,шырша,терек)т.Жарайсында балалар.Балалар ойын ойнағыларың келе ме?

Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар ,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар ,
Үп-үлкен боп өседі.

Балалар өлеңге сәйкес қимылдар жасайды. «Ағашты тап » ойыны. «Бір,екі, үш еменді(қайыңды,шыршаны,т.б) тап» деген команда бойынша аталған ағашқа жүгіріп барып,оны құшақтайды.Ойын қайталанып ойналады.

Қорытынды: *Ағаштар табиғаттың-бір бөлшегі.*

Вариативтік компонент . Сәуір айы.22.04.2022 ж

Тақырбы: *«Алма» ертегісін әңгімелеу*

Мақсаты: *Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.ертегі жанрымен таныстыруды жалғастыру.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз қасиеттерін көруге олардың іс-әрекеттерін бағалауға үйрету.*

Көрнекілігі: *ертегі кітап. Қоян, кірпі, аю, қарға киімдері.*

Әдіс-тәсілі: *ертегінің мазмұнын тыңдау,сұрақ-жауап .*

Билингвалдық компонент: *алма-яблоко*

Сабақтың барысы:

Тақпақ
Мен алмамын алмамын
Таңдай жұтар бал дәмім
Мен жүзіммін жүзіммін
Моншақ болып тізілдім.
Мен өрікпін өрікпін
Табиғатқа көрікпін

Балалар не туралы тақпақ айттым?
-Жемістердің бізге қандай пайдасыбар?
-Сендер тағы қандай жемістерді білесіңдер?
-Қандай жемістерді жақсы көресіңдер?
-Жемістерді жумай жеуге болама?
-Балалар сендер алманы жақсы көресіңдерма?
Мен сендерге «Алма» ертегісін айтып беремін.
-Сендерге ертегі ұнадыма?
Алманы не көрді бірінші?
-Оны не үзіп берді?
-Не қағып алды алманы?
-Олар неге таласты?
-Оларды кім татуластырды?
-Осы ертегіні сахналап шығамыз.
«Қонжықты қуантайық!»ойыны.
Педагог балаларға қонжықтың қонаққа келгенін айтады.Қонжықты мадақтап бал,тәтті тосап,жемістер берейік,тіпті онымен жасырынбақ ойнайық. Балалар кезектесіп қонжыққа бал жейсің бе?
Қонжығым тосап,алма ше?т.б.Педагог балаларға қонжықтың жылы сөздер айтса екен деп тосап отырғанын айтады.Ойыншықпен сөйлескенде әртүрлі жылы сөздер айту керек,мысалы: «Кішкентай қонжығым мен саған дәмді алма бергім келеді, «Мен саған компот қайнаттым.»т.б. Содан кейін балалар қонжықпен жасырынбақ ойнады.Қонжық жасырынады,ал балалар оны іздеп табады.

Вариативтік компонент . Мамыр айы. 29.04.2022ж

Тақырбы: *«Гүлдер» (суретпен әңгіме)*

Мақсаты: *Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Бақша гүлдерімен таныстыру.Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру.Гүлдерді күтіп-баптауға тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *гүлдер,суреттер.*

Әдіс-тәсілі: *Әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын,қорытынды.*

Билингвалдыққомпонент: *Гүл-цветок.*

Сабақтыңбарысы: *Гүлдер туралы әңгімелесу.*

Балалар тақтадағы гүлдерге назар аударайықшы,Қандай гүлдерді көріп отырсыңдар. Осы гүлдерге тоқталып өтеміз.

Мынау қандай гүл? –Түймедақ гүлі.Гүлдің түсі қандай? Ақ.Түймедақтың күлтешелері ұзындау жіңішке болып келеді.Өзіне тән хош иісі бар.

-Мынау қандай гүл? –Қызғалдақ гүлі.Дұрыс айтасыңдар балалар.Ерте көктемде гүлдитін қызғалдақ гүлі.Қызғалдақ өте әлсіз болады,қызғалдақтың түсі қандай? –Қызыл.Өзіне тән хош иісті гүл.

–Мынау қандай гүл?Раушан гүлі.Түсі қандай-қызыл,Хош иісті гүл.

Балалар гүлдер қайда өседі?-Баубақшада,алқаптарда,үйде өседі.Біз гүлдерді жұлмауымыз керек гүлдерді күтіп-баптауымыз керек.Арнайы гүлге қараушы Ағбан аталарымыз бар.Сол аталарымыздың арқасында гүлдеріміз әдемі болып өседі.

Сергіту сәті
Бала ,бала,балақан,
Кане қайсы алақан .
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат. Балалар өлеңге сәйкес қимылдар жасайды.
«Гүл жинау» ойыны түстеріне қарай жинайды балалар.Балалар ойынды көңілдене ойнайды
С.Қалиев «Гүл» өлеңі. Жаттау.
Үйде тұрып өсетін,
Әкеп гүлдің көшетін.
Топырақты салдым да,
Отырғыздым қалбырға. Мына өлеңді жаттап аламыз.

Қорытынды: *Гүлдер бізге қуаныш сыйлайды.Гүлдерді жұлуға болмайтынын түсіндік*

Вариативтік компонент . Мамыр айы. 06.05.2022ж

Тақырбы: *«Қызанақ» (Мүсіндеу)*

Мақсаты: *Балаларды көкөністермен таныстыруды жалғастыру.Көкөністермен таныстыруды жалғастыру және табиғи шырынның пайдасы туралы мағлұмат беру:екі бөліктен пішіні әртүрлі затты мүсіндеуге үйрету.Дөңгелек затты мүсіндеу дағдыларын дамыту.*

Көрнекілігі: *қызанақтың суреті.*

Әдіс-тәсілі: *Әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын,қорытынды.*

Билингвалдықкомпонент: *қызанақ-помидор.*

Сабақтыңбарысы: *Қызанақ туралы әңгімелесу. Педагог балаларға Сәуле әжеге «бақша отырғызуға» көмектесуді ұсынады.Балалар бақшаны қазып,тұқым сеуіп,суарып жатқан сияқты қимыл-қозғалыстар жасайды.*

Қызанақ,сәбіз,орамжапырақ,жуа осы көкөністер қайда өседі?-Баубақшада.Дұрыс айтасыңдар балалар.

–Сендер бақшаға неге отырғыздыңдар?

-Кім қиярдың тұқымын септі?

-Үлкендер бақшаны немен қазды?

-Ал топырақты немен қопсытты?

Педагог гүл өсіретін қыш құмыраны пайдалана отырып, топырақты қалай қопсытатынын міндетті түрде көрсетуі керек.

–Бақшаны немен суарды?

-Күрек,тырма кетпен темірден жасалған,бұндай заттармен кесіп алмай,байқап жұмыс істеген жөн.Сонымен бірге осындай құралдарды жерге тастай салу өте қауіпті. Балалар бүгін біз ермексаздан қызанақты мүсіндейтін боламыз. – Қызанақта көптеген дәрумендер бар,ол балаларды ауырмай өсуіне көмектеседі.Қызанақтан өте дәмді де,пайдалы томат шырынын жасауға болады. (Мүмкіндік болса,балаларға томат шырынын беруге болады). Балалар қызыл және жасыл ермексаздан қызанақты мүсіндейді–Ермексазды алақанның ортасына салып домалақтап қызанақты мүсіндейді. –Балалар ермексазды есіп,созу арқылы таяқша жасап,екіге бөлігін қосады. Ойын «Дәміне қарай ажырат» Балалардың көздері жұмулы күйде дәмін татып көріп,қызанақ немесе қияр екенін ажыратады.Қиярда қызанақ сияқты бақшада өседі.Қиярдың түсі қандай ?-Жасыл -Кане бәріміз қиярды ұстап көрейікші.Ол қандай?-Тікенегі бар,өзі бұжыр .Ойын екі-үш рет қайталанып ойналады.

Қорытынды: *Қызанақты мүсіндей жасай алды.Көкөністер туралы түсінді.Балалардың жасаған жұмыстарын бағалау,мақтап,мадақтау.*

Вариативтік компонент . Мамыр айы. 13.05.2022ж

Тақырыбы: *Дидактикалық ойын « Жасыл қияр» (Боямақпен жұмыс).*

Мақсаты:*Балаларды көкөністермен таныстыруды жалғастыру.Қиярмен таныстыру,сөздік қорын кеңейту,қағазға салынған дайын бейнені боямақпен бояу іскерлігін дамыту.*

Көрнекілігі: *қиярдың суреті,муляждар.*

Әдіс-тәсілі: *Әңгімелесу,сұрақ-жауап,ойын,қорытынды.*

Билингвалдықкомпонент: *қияр-огурец.*

Сабақтыңбарысы: *Қияр туралы әңгімелесу.*

–Балалар біз қиярды білеміз бе?-Ия. Қиярдың түсі қандай болады?-Жасыл

Мен сендерге «Көкөністер достығы»ертегісін оқып беремін.

Ертегіні мұқият тыңдаймыз балалар. Алдын ала балаларға үстел үсті театры арқылы ертегінің басталуын естеріне түсіру.Міне көкөністер сол баяғы даудан кейін кикілжіңсіз тату болып,бір-бірімен сыйластыққа өмір сүріпті.Жаздың ортасында бақшаға тышқан пайда болыпты.Күнде ертеңгісін көкөністер: «Не деген аянышты!»-деп шуласып қалатын.Шынымен де олардың ренжитін жөні бар.Өйткені,тышқан түнде,бәрі ұйқыда жатқан кезде,енді өсіп келе жатқан қиярлардың ішінен күнде біреуін сабағынан үзіп алды.Бір күні кешке бақшадағы көкөністер ақылдасып,қиярларды жасыруды шешті.Олар өздерінің жапырақтарымен,өсіп тұрған шөптерімен қиярларды жасырды.Таңертеңгісін көкөністер қатты қуанды,өйткені қиярлардың бәрі аман-есен орнында екенін көрді.Яғни,тышқан оларды тауып ала алмады.Достық көмектесті.

–Балалар көңілдене «Жасыл қияр » ойынын ойнап алайық.

Балалар шеңбер бойымен айнала жүреді.Ал шеңбердің ортасындағы орындықта тышқан ұйықтаған болып отырады.Балалар төмендегі өлең жолдарын айтады. Қияр,қияр,қиярлар,Алысқа кетіп қалмаңдар.Ұйықтап жатыр дәу тышқан,Оятып қане алмаңдар.Ойын екі-үш рет қайталанып ойналады.

Балалар бүгін біз қиярдың суретін салатын боламыз. Барлығымыз тақтадағы үлгіге қарап тапсырманы ұқыпты,таза орындайтын боламыз.Сендердің алдарыңда дайын бейнеленген қиярдың суреті бар, сендер жасыл түсті боямақпен бояйтын болларсыңдар .Балалар жұмысымызды бастаймыз.Іске сәт балалар.

Қорытынды *:Көкөністер денсаулыққа өте пайдалы.Балалардың жұмыстарын бағалау.*

Вариативтік компонент ***Мамыр айы.*** 20.05.2022ж

Тақырбы: *«Заты мен аты» (Өлең шумақтары)*

Мақсаты: *Балаларды бау-бақшада өсетін жеміс-жидек,көкөністерді өлең шумақтары мен қызықты суреттер арқылы таныта отырып,балалардың сөздік қорын байытуға,дұрыс сөйлеуге,өсімдіктердің пайдалану ерекшеліктерін ажыратуға үйрету.*

Көрнекілігі: *жемістер мен көкөністердің қызықты суреттері*

Әдіс-тәсілі: *Әңгімелесу,суреттер көру,сұрақ-жауап,ойын,қорытынды.*

Билингвалдық компонент: *қияр-огурец,шие-вишня,*

Сабақтыңбарысы: *Балалар бүгін біз қызық-қызық суреттерді көріп ,қызықтаймыз.Мұқият болыңдар .*

«Айатхан» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»

«Айатхан» б/б меңгерушісі

А.Мамбетова

ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ»



Ортаңғы «Ақбота»топ

Тәрбиеші: Н.Тәліпбаева

2021-2022 ж

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Сұраққа жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жақсылыққа тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету.

Айы	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1«Құмырсқа мен Шегіртке.» 2 «Құмырсқа мен шегіртке.» 3 «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі. 4 «Бір қазан сүт»ертегісі	1 1 1 1
Қазан	1«Түлкі,Әтеш және Қоян» ертегісі. 2 «Не дәмді.» ертегісі 3 . « Күлшекыз»ертегісі 4. *: «Көкөністер дауы»*	1 1 1 1
Қараша	1«Асқабақ» ертегісі 2 «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісі. 3 «Күнбағыс» ертегісі. 4 «Үйшік»ертегісі.	1 1 1 1
Желтоқсан	1 «Аю мен түлкі» ертегісі. 2 «Шалқан» ертегісі. 3 «Егінші қоян» ертегісі 4 «Көкөністер дауы» ертегісі	1 1 1 1
Қаңтар	1 «Маймақ қаз» ертегісі. 2 «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісі. 3 «Үш аю» ертегісі 4 «Төлдер айтысы» ертегісі.	1 1 1 1
Ақпан	1 «Ешкі мен жеті лақ» ертегісі. 2 «Әтеш пен тоты»ертегісі. 3 «Бір уыс мақта .» ертегісі 4 «Төлдер айтысы» ертегісі.	1 1 1 1
Наурыз	1 «Қысқы баспана» ертегісі. 2 « Шұбар тауық» ертегісі 3 «Ақымақ қасқыр» ертегісі. 4 «Төлдер айтысы» ертегісі	1 1 1 1
Сәуір	1 «Қоянның үйшігі» ертегісі 2 «Қырыққабат пен алма» ертегісі 3 «Тату достар» ертегісі 4 «Ай мен күн» ертегісі.	1 1 1 1
Мамыр	1 «Еңбекпен тапқан нан тіәтті» ертегісі. 2 «Қасқыр,түлкі,әтеш» ертегісі. 3 «Ең қымбат -байлық» ертегісі. 4 « Шұбар тауық» ертегісі.	1 1 1 1
Барлығы		36

Вариативтік компонент. 01.09.2021

Тақырыбы: Құмырсқа мен Шегіртке

Мақсаты:Балаларды жыл мезгіліндегі табиғат суреттерін суреттеуге үйрету,топта бірге,өзара келісе жұмыс жасай біліуге тәрбиелеу,қимылмен іс-әрекетті көрсету қабілетін дамыту.Саусақ,қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту.

Керекті құралдар көрнекіліктер:қағаз,плакат,бояу,қылқалам,қайшы, түрлі қаламдар

Сабақ барасы: Қимылды қайтала жаттығуы.Тәрбиеші балаларға қарама-қарсы отырып көрсеткен қимылды қайталайды.Тәрбиеші саусақтарын кейде бүгіп, кейде түзу түрлі фигураларды жасайды.

Тәрбиеші біз саусақтарымызды жаттықтырдық,енді біз тыңдаған«Құмырсқа мен шегіртке» мысалын теартландыру үшін қажетті материалдар дайындайық.

Оқиға қай мезгілде болған еді?Жазда Шегіртке немен айналысты? Күзде қалай өмір сүреді?Қыс келгенде Шегіртке неге Құмырсқаға келді?Жаз,күз және қыс мезгілі.Ойнады,биледі,ән салды.

Қыста жауырады ашықты.

Олай болса үш мезгілдің бейнесін құрастырайық.Ол үшін сурет құрастыру және жапсырумен айналысуымыз қажет.Сондықтан үш топқа бөлініп өзара жұмысты бөліп алайық.

1 топ жаз суретін,2 топ күз пейзаждық суретін,3 топ қыс суретінсалады.Балалар жаз,күз,қыс мезгілдерінің пейзажын дайындайды.

Сергектік ойын-жаттығу

Ұшады,Ұшпайды.

Тәрбиеші ұшатын затты атаса балалар қолын көтеріп ұшу қимылын көрсетеді,ұшпайтын затты атаса,қолдары төменде болады.Балалар құстар мен ұшатын заттар аталса қолдарын көтереді.

Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»

Күн қалай күркірейді?Тарс-тарс

Жаңбыр қалай жауады?Тырс-тырс

Су қалай ағады?Сылдыр-сылдыр

Құстар қалай дыбыстайды?Шиқ-шиқ

Шегіртке қалай шырылдайды?Шыр-шыр

Балалардан немен айналысқаны,ненің ұнағанын сұрау.Мадақтау.Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:түрлі мазмұндағы қимыл әрекетті көрсетеді;

Меңгереді:қимыл-қозғалыс мәнері қалыптасады,әрбір құс ерекшелігін атайық.

Вариативтік компонент. 08.09.2021

Тақырыбы: Құмырсқа мен Шегіртке

Мақсаты:Балаларды жыл мезгіліндегі табиғат суреттерін суреттеуге үйрету,топта бірге,өзара келісе жұмыс жасай біліуге тәрбиелеу,қимылмен іс-әрекетті көрсету қабілетін дамыту.Саусақ,қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту.

Керекті құралдар көрнекіліктер:қағаз,плакат,бояу,қылқалам,қайшы, түрлі қаламдар

Сабақ барасы: Қимылды қайтала жаттығуы.Тәрбиеші балаларға қарама-қарсы отырып көрсеткен қимылды қайталайды.Тәрбиеші саусақтарын кейде бүгіп, кейде түзу түрлі фигураларды жасайды.

Тәрбиеші біз саусақтарымызды жаттықтырдық,енді біз тыңдаған«Құмырсқа мен шегіртке» мысалын теартландыру үшін қажетті материалдар дайындайық.

Оқиға қай мезгілде болған еді?Жазда Шегіртке немен айналысты? Күзде қалай өмір сүреді?Қыс келгендеШегіртке неге Құмырсқаға келді?Жаз,күз және қыс мезгілі.Ойнады,биледі,ән салды.

Қыста жаурады ашықты.

Олай болса үш мезгілдің бейнесін құрастырайық.Ол үшін сурет құрастыру және жапсырумен айналысуымыз қажет.Сондықтан үш топқа бөлініп өзара жұмысты бөліп алайық.

1 топ жаз суретін,2 топ күз пейзаждық суретін,3 топ қыс суретінсалады.Балалар жаз,күз,қыс мезгілдерінің пейзажын дайындайды.

Сергектік ойын-жаттығу

Ұшады,Ұшпайды.

Тәрбиеші ұшатын затты атаса балалар қолын көтеріп ұшу қимылын көрсетеді,ұшпайтын затты атаса,қолдары төменде болады.Балалар құстар мен ұшатын заттар аталса қолдарын көтереді.

Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»

Күн қалай күркірейді?Тарс-тарс

Жаңбыр қалай жауады?Тырс-тырс

Су қалай ағады?Сылдыр-сылдыр

Құстар қалай дыбыстайды?Шиқ-шиқ

Шегіртке қалай шырылдайды?Шыр-шыр

Балалардан немен айналысқаны,ненің ұнағанын сұрау.Мадақтау.Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:түрлі мазмұндағы қимыл әрекетті көрсетеді;

Меңгереді:қимыл-қозғалыс мәнері қалыптасады,әрбір құс ерекшелігін атайық.

Вариативтік компонент. 15.09.2021

Тақырыбы: Жеті лақ пен Қасқыр.(ертегіні сахналау)

Мақсаты:Балаларды жұмсақ дыбыссыз жүруге аяқ ұшымен жүруге,бұлшық еттерін күшейтуге және бәсеңдетуді басқаруға үйрету.Есте сақтау қабілетін,қиялын дамыту.Театр ойындарын ойнауға қызығушылығын ояту.Қимыл-қозғалыс әсемдігін тәрбиелеу.
Қажетті материалдар:ешкі үйі,ешкі,қасқыр,лақтар,костюмдер,атрибуттар,декороция материалдары.
Сабақ барысы:Жылулық шеңбері:балалар бір-біріне күлімдеп қарап жақсы тілектер айтады.
Тәрбиеші:сендердің көңіл-күйлерің қалай?
Сендер қалай жүресіңдер?
Қалай жүгіресіңдер?Түнде қалай ұйықтайсыңдар?Суда қалай жүзесіңдер?Қалай өлең айтасыңдар? Алысқа қалай қарайсыңдар?Қалай күлесіңдер.
Балалар бас бармақтарын мынандай деп көрсетеді. Балалар бір орнында жүріп көрсетеді.Балалар жүгірген,ұйықтаған қимылды көрсетеді.Қолдарын кезек-кезек алға көтеріп сермейді.Қолдарын шекесіне қойып қарайды.Балалар күледі.
Тәрбиеші:өкінішке орай барлық уақытта осындай жақсы көңіл күй бола бермейді.Мен бір кейіпкер білемін, ол үнемі ашуланып жүреді.Ол үнемі аш болады. Қалай ойлайсыңдар,ол қай ертегі кейіпкері?Ол қасқыр.Ешкі мен жеті лақ ертегісіндегі қасқыр.Олай болса,ертегі еліне барып қасқырдың көңіл-күйін жақсартайық.Ол үшін Ешкі мен оның лақтарын шақырайық.Балалар кейіпкерлерді шақырады.Олар бізге көмектеседі.Ешкі мен лақтар болып ойнайтын балалар перде артына өтеді.Ешкі үйі үй алдында жіп иіріп отырады.Екі лақ бір бірімен сүзісіп ойнауда,үшеуі қаласпақ ойнап жүр.
Ешкі:жеті лақым бар сүйікті де сүйікмді,барлығын өте жақсы көремін.Күн күлімдеп тұр екен, ойнай қойыңдар осы кезде ашулы қасқыр жүгіріп шығады.
Қасқыр:Мынауне айқай-шу,секірген,жүгірген біреулер,басым ауырып кетті сендердің шуларыңнан,қазір мен сендерді тез тыныштандырамын.Лақтардың қасына келіп жұдырығын түйіп,қорқытқан қимыл көрсетеді.
Ешкі:қасқыр,сені басқалар жақсы көру үшін,туған күнің болғанда сені құттықтауы үшін ашуланшақ болма, басқаларды қорқытпа.Қасқыр:қалай ашланбайын,менімен ешкім ойнағысы келмейді.Бәрі менен қорқады.Лақтар:Қасқыр кел бізбен бірге ойынға.Қасқыр балалармен бірге ойынға қатысады.
Ойыннан соң қасқырдың тағы көңіл-күйі түседі.
Қасқыр:мен сендерге сөз беремін,енді ашуланшақ болмаймын.Енді бірге бибилейік.Қасқыр Ешкі және лақтармен бірге көңілді би билейді.
Ешкі:Қасқыр неге тағы көңілсізсің?Менің әжем әні.Менің әжем үйде жалғыз отыр.Балалар онда әжеге арнап өлең айтып берейік.Қасқырдың әжесі келеді.Барлық балалар:бізге келіп тұрыңыз деп ертегі кейіпкерлерімен қоштасады.
Ертегі ұнады ма?Несімен ұнады? Тағы қандай ертегіні жақсы көресіңдер? Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:
Біледі:ертегі мазмұнын толық айтады;
Меңгереді:ертегі кейіпкерлері қимыл-қозғалыстарын көрсетуді

Вариативтік компонент. 22.09.2021

Тақырыбы:Бір қазан сүт

Мақсаты:Балардың құстар туралы түсінігін молайту,сөздік қорын байыту,диалогпен сөйлеуге үйретді жалғастыру,жұмсақ дыбыссыз жүруге үйрету.Есте сақтау қабілетін,зейінін дамыту.Керекті құралдар:сауысқан,қарға,жапалақ,көбелек,қырғауыл құстары атрибуттары.

Сабақ барысы:Шаттық шеңбері:

Көзің не үшін керек?Жақсыларды көру үшін!

Екі қолың не үшін керек?Елге көмек беру үшін!

